




ПАТРИОТТАР
МЕКТЕБІ

12-БЕТ |

ЕСКЕРТКІШТЕР
ЕРЛІКТЕН
СЫР ШЕРТЕДІ

10-БЕТ



“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Бүгінде айбынды армиямыз – елдегі тұтастық пен тыныштықтың мықты қалқаны. Қуатты әскеріміз бейбітшілік пен берекелі өмірді қас қақпай күзетіп тұр. Олар қай кезде де қастерлі Отанымызды қорғауға дайын. Ерлік майданда ғана жасалмайды. Ерлікке бейбіт заманда да орын бар. Биыл біз соңғы 80 жылдағы ең жойқын тасқынға тап болдық. Елге қатер төнген сәтте сарбаздарымыз алдыңғы шептен табылды. Ұлттық ұлан, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Төтенше жағдайлар министрлігі және Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы антқа адал болудың үлгісін көрсетті. Алапат тасқынға төтеп беру үшін 9 мыңнан астам әскери қызметші жұмыла еңбек етті. Мыңнан астам техника жеткізілді. Сын сағатта халқымыздың асыл құндылықтары анық байқалады.

№54-55
(4643)

Сейсенбі
7 мамыр
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АРДАГЕРГЕ – ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Екінші дүниежүзілік соғыстың барлық қатысушысына 9 мамырға орай жергілікті бюджет есебінен біржолғы ақшалай төлемдер берілді. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметінен хабарланды.

Бүгінгі таңда елімізде Екінші дүниежүзілік соғыстың 148 ардагері тұрады. Биылғы Жеңіс күніне орай Қазақстанның барлық өңіріндегі ардагерлерге біржолғы төлем жасалды. Аталған мақсаттарға жергілікті бюджеттерден барлығы 187 млн теңге бөлінді.

Астана қаласының Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылары 2 миллион теңгеден алды.

Сонымен қатар ардагерлерге әлеуметтік қолдаудың басқа да түрлеріне қарамастан ай сайын 16 АЕК (2024 жылы 59 072 теңге) мөлшерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.



ТЕҢ ЖАРТЫСЫ МАЙДАНДА МЕРТ БОЛДЫ

Ортақ жауға қарсы күреске 1,2 млн қазақстандық шақырылып, 600 мыңдайы ұрыс даласында қаза тауып, 271 мыңы із-түзсіз жоғалып кетті, мыңдаған азамат түрлі жарақатымен елге мүгедек болып оралды. Ал соғыс қимылдары барысында тұтқынға түскен қазақстандықтар саны әлі толық анықталмады. Сұрапыл соғыстың ашылмаған құпиясы туралы толығырақ 8-беттен оқи аласыздар.



ЕЛІҢЕ ҚОРҒАН БОЛУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ, СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен және Жеңіс күнімен құттықтаймын! Бұл күндері біз Отанымызды қан майданда қорғап, қасық қаны қалғанша соғысқан батырларымыздың және қазіргі заманда қорғап жүрген жауынгерлеріміздің ерлігі мен адалдығын еске аламыз және құрметтейміз.

Жеңіс күні – мызғымас күш пен теңдесі жоқ рухтың символы. Бұл күн Ұлы Отан соғысындағы жеңістің қандай ауыр жолмен, тауқыметпен келгенін, осы жолда қаншама адамның құрбан болғанын еске салады.

Отан қорғаушылар күні шекарамызды күзететін, еліміздің қауіпсіздігі мен бейбіт өмірін қамтамасыз ететін адамдарға арналады. Ел тыныштығының батыр ұландары, қызметтеріңізге және бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға қосқан өлшеусіз үлестеріңізге мың алғыс!

Сұрапыл соғыста ерлік көрсеткен ардагерлерімізге, бүгінде Отанымызға қызмет етіп, тыныштығын күзетіп жүрген әрбір адамға алғысымыз шексіз.

Сіздерге және жақындарыңызға амандық, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 475.38 \$ USD/KZT 446.49 ₪ RUB/KZT 4.79 ¥ CNY/KZT 61.66

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ОТАН ҚОРҒАУ – ОРТАҚ ПАРЫЗ

«Бүгінде айбынды армиямыз – елдегі тұтастық пен тыныштықтың мықты қалқаны. Қуатты әскеріміз бейбітшілік пен берекелі өмірді қас қақпай күзетіп тұр. Олар қай кезде де қастерлі Отанымызды қорғауға дайын. Ерлік майданда ғана жасалмайды. Ерлікке бейбіт заманда да орын бар. Биыл біз соңғы 80 жылдағы ең жойқын тасқынға тап болдық. Елге қатер төнген сәтте сарбаздарымыз алдыңғы шептен табылды. Ұлттық ұлан, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Төтенше жағдайлар министрлігі және Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы антқа адал болудың үлгісін көрсетті. Алапат тасқынға төтеп беру үшін 9 мыңнан астам әскери қызметші жұмыла еңбек етті. Мыңнан астам техника жеткізілді. Сын сағатта халқымыздың асыл құндылықтары анық байқалады. Осы орайда Солтүстік Қазақстан облысында апатқа қарсы күрескен 300 сарбаздың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Олар күні-түні бөген салып, қаланы қарғын судан құтқаруға атсалысты. Жергілікті тұрғындар бұл сарбаздарға айрықша риза болды, оларды зор құрметпен шығарып салды. Міне, халық пен армияның мызғымас тұтастығы дегеніміз – осы. Мұндай мысалдар аз емес» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жеңіс күнін жақындатуға атсалысқан майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне әрқашан құрмет көрсетілетінін айтты. Осы ретте ардагерлерге мерекеге орай жыл сайын қосымша төлемақы берілетінін, ал биыл оның көлемі үш миллион теңгеге дейін өскенін жеткізді. Сонымен қатар өзінің бастамасымен биылдан бастап «Айбын» орденінің үш дәрежесі даңқты батырларымыз – Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және

ТҰТАСТЫҚ ПЕН ТЫНЫШТЫҚ ҚАЛҚАНЫ

Президент мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсіміне қатысты. Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы күнімен және алда келе жатқан Жеңіс күні мерекесімен құттықтап, осы екі мейрам жауынгерлік дәстүрдің сабақтастығын паш ететінін, батыр бабаларымыздың даңқты жолын қазір өскелең ұрпақ жалғастырып келе жатқанын атап өтті.

жүйесінің әлеуеті арта түсті деген сөз. Біз армияның беделін көтеруге айрықша мән береміз. Отан қорғау – баршамызға ортақ парыз. Мұны, әсіресе, өскелең ұрпақ терең түсінгені абзал. Мемлекет жас сарбаздарға жан-жақты қолдау көрсетіп жатыр. Оларға арнайы білім гранттары бөліне бастады. Несиені өтеу мерзімі кейінге шегерілді. Енді армияда жүріп, нақты мамандық алуға болады. «Ер жігітке жарасар, қолындағы найзасы» деп әйгілі Бұқар жырау батырлық пен ерлікті ерекше дәріптеген. Шын мәнінде, әскер – мемлекеттің аса маңызды символы. Мен сарбаздарымыздың жауынгерлік рухы жоғары болғанын мақтан етемін» деді Мемлекет басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАМЕН МАРАПАТТАДЫ

Салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев Отан қорғаушылардың еліміздегі ынталық пен тыныштықты сақтауға зор үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, офицерлерге әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсырды. Мемлекет басшысының Жарлығымен әскери және арнаулы атақ, сыныптық шен алған офицерлердің тізімін мына сілтеме арқылы көруге болады.

Бұдан бөлек, Президент әскери және қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Отан қорғаушы күніне орай бірқатар азаматтар Президенттің қолынан мемлекеттік наградалар алды. Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қарулы Күштер Бас штабының бастығы Сұлтан Бүркітбайұлы Қамалетдинов пен Ақтөбе облысының прокуроры Халиадулла Зинноллаұлы Дәуешов І дәрежелі «Даңқ» орденімен; Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ұлан Ермұханұлы Раисов, Қорғаныс министрлігі әскери бөлімінің командирі Қанатай Жорабекұлы Далматов және Жамбыл облысының прокуроры Нұрғалым Мәжитұлы Әбдіров ІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

Петропавл қаласының полиция басқармасының инспекторы Олег Павлович Головин,

Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күштері Штаб бастығының орынбасары Бауыржан Омарұлы Таңатаров, Ақмола облысының Ерейментау ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Амангелді Серікұлы Досқенов, Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімі командирінің бірінші орынбасары Ұлықбек Мұратұлы Сақ, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аға жедел уәкілі Жандос Жанатұлы Ғалымов, Атырау облысының Құрманғазы ауданы полиция бөлімінің инспекторы Роман Серікұлы Насихан, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Түркістан облысы бойынша департаментінің аға жедел уәкілі Дінмұхамед Ғабитұлы Оразов, Жетісу облысының Талдықорған қаласы полиция басқармасының инспекторы Диас Кәкімұлы Омаров Бауыржан Момышұлы атындағы ІІ дәрежелі «Айбын» орденінің иегері атанды. Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Нұрболат Тастемірұлы Тәжіғұлов Рақымжан Қошқарбаев атындағы ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен наградалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің департамент басшысы Айна Жадырақызы Кубекова «Құрмет» орденінің иегері атанды. Қостанай облысының Қарабалық ауданы полиция бөлімінің жедел уәкілі Әміржан Мерекеұлы Топалов пен Абай облысының полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының инспекторы Әділ Думанұлы Құсман «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі Бас прокуратура Қызмет бастығының орынбасары Ерлан Өтеуұлы Өтеуовке, Өуе қорғанысы күштерінің әскери институты бастығының орынбасары Федор Николаевич Стрелковқа, Мемлекеттік күзет қызметінің басқарма бастығының орынбасары Серік Аманкелдіұлы Ілиясқа, Қорғаныс министрлігі әскери бөлімінің рога командирі Мейірхан Сапарханұлы Ақарбековке, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ақтөбе облысы бойынша департаментінің аға жедел уәкілі Сәкен Сексембайұлы Өтеуовке, Мемлекеттік күзет қызметінің аға офицері Ренат Маратұлы Ирубаевқа, Қаржылық мониторинг агенттігі Қостанай облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің жедел уәкілі Дулат Тілемісұлы Мұратбековке, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің аға жедел уәкілі Әділет Алмасбекұлы Серіковке, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі Тілек Думанұлы Әбдікәрімовке тапсырылды.



Рақымжан Қошқарбаевтың атымен аталатынын еске салып, ұлт перзенттерінің батылдығы мен батырлығы бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге болатынына назар аударды.

Мемлекет басшысының айтуынша, геооасясы тұрақсыздық

белең алған қазіргі жағдайда мықты әрі дайындығы сақдай сай әскердің маңызы айтарлықтай арта түсті. «Біздің әскери қызметшілеріміз БҰҰ аясындағы түрлі бітімгерлік операцияларға қатысып, өздерінің кәсібилігі мен жоғары деңгейдегі жауын-


герлік машығын көрсетіп келеді. Жуырда Қазақстан Голан жоталарындағы миссиясын дербес орындау жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының мандатына алғаш рет ие болды. Соңғы жылдары әлем елдерінің әскери қуаты туралы рейтингтегі орнымыз едәуір жақсарды. Бұл әскеріміздің дайындығы жоғары екенін әрі үйлесімді әрекет ететінін білдіреді. Қазақстан жер-жаһанға өзін бейбіт ел ретінде танытты. Біз барлық мемлекетпен достық қатынас орнаттық. Кез келген шиеленісті сындарлы диалог арқылы шешу керек деп есептейміз. Бірақ арқаны кеңге салып, қамсыз отыруға болмайды. Қуатты әскеріміз түрлі қатерге сақдай сай тұруға тиіс. Мықты әскер – елдіктің тірегі» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның айбынды армиясы кәсіби тұрғыдан білікті әрі заманға сай озық болуы үшін Қарулы Күштерімізді одан әрі нығайту жұмыстары жалғасатынын жеткізді. «Күні кеше ғана елімізде жаңа авиация базасы ашылды. Бұл – ұлттық қорғаныс



МАҢЫЗДЫ ЖҰМЫСТАРҒА – ҚОСЫМША ҚАРЖЫ

Кеше Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің қатысуымен қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Жиын барысында елорданың 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті нақтыланып, депутаттар бірқатар маңызды жұмыстарға қосымша қаржы бөлуді бірауыздан қолдады.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бюджет бойынша қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев баяндама жасады.

– Мемлекет басшысының бюджетті тиімді басқару жөніндегі тапсыр-

масын орындау шеңберінде біз бюджеттің барлық негізгі шығыстарын қайта қарадық және оңтайландыруға 7,7 миллиард теңге ұсынылып отыр. Осылайша бюджеттің осы нақтылануы аясында бөлуге 116 миллиард теңге ұсынылады. Мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін орындаудың басымдылығын негізге ала отырып, әлеуметтік саланы қаржыландыру

мәселелері ерекше тәртіппен қаралады, – деді Қайсар Маңқараев.

Қосымша қаржы мүмкіндігі шектеулі азаматтарды оңалтуға және әлеуметтік қызметтер көрсетуге бөлінді. Сондай-ақ тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін қолдау тапты. Мәселен, өткен жылы 672, ал биылғы қаңтардан бастап 445 отбасы тұрғын үй көмегімен қамтылды.

«Астана қаласында ақпараттық-бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» жобасының жұмысы 6 айға ұзартылды. Қалалық автобустар бағдарларында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға әкімдік белгілейтін 110 теңге мөлшеріндегі бірыңғай тариф келісілді. Бұған қоса, мәслихат депутаттары қоғамдық кеңістіктерді, көпәтерлі тұрғын үй кешендерін және басқа да нысандар салынатын жер телімдерін мемлекет меншігіне алу туралы келісім-шартты қолдады.

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ АҒАШ ЕКТІ

Астанада «Таза Қазақстан» экоакциясы аясында қалалық мәслихат депутаттары, Сарыарқа ауданы әкімінің аппараты, қалалық басқарма өкілдері мен еріктілер «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы аумағында ағаш отырғызды.

Мәслихат депутаты Ерлан Дәкенов көгалдандыру жұмысына қатысып, экоакцияға белсенді атсалысу әрбір азаматтың парызы екенін атап өтті.

«Мәслихат депутаттары «Шарапат» әлеуметтік орталығына келіп, өзіміздің үлесімізді қосып жатырмыз. Бұл бірінші рет емес, яғни сәуір айы басталғалы қаламыздың бірнеше аймағында тал ектік. Жасыл желек қаламыздың көркеюі үшін керек деп ойлаймын. Сондықтан да осындай көгалдандыру жұмысына белсенді атсалысу керек» деді Ерлан Дәкенов.

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Ардақ Сейітованың сөзінше, бұған дейін орталық аумағына 500 түп ағаш отырғызылған.

Экологиялық айлықтың осы аптасы «Өнегелі ұрпақ» атауымен өтіп жатыр. Ол ардагерлер аулалары мен Қарттар үйлерінің аумағын тазалауға және абаттандыруға арналған.



БІРЛЕСІП АТҚАРҒАН ІС НӘТИЖЕЛІ БОЛАДЫ

Астана қаласы әкімдігінде табысты кәсіпкерлер мен құқық қорғау саласының басшылары бас қосты. Мақсат – бірлесе есірткі бизнесіне қарсы күресу жолдарын талдап, талқылау.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқарма басшысының орынбасары Мақсат Жанабаев:

– Қоғамдағы ең өзекті мәселенің бірі – нашақорлықпен күрес. Бұл халықтың денсаулығына ғана емес, халықтың қауіпсіздігіне тікелей қатысты. Статистика көрсеткендей, есірткі заттарын тарату жаңа формаға ие болып, ауқымын кеңейтіп келеді. Соған байланысты қала тұрғындары көп болатын ойын-сауық орталықтарының басшыларымен кездесу өткізіп, мемлекеттік және құқық қорғау органдары мен бизнес-қоғамдастық арасындағы өзара іс-қимылды жандандыру маңызды, – деді.

Астана қаласы бойынша есірткі реестрінде 984 нашақор тіркеліп тұр. Оның 3-еуі кәмілетке толмаған

жасөспірімдер екен. Әрине, ойлантатын мәселе. Өйткені есірткіге тәуелділерді емдеу және оңалту оңай іс емес. Бұл туралы қалалық психикалық денсаулық орталығының басшысы Данияр Шалтаков айтты.

– Астана қаласының қалалық психикалық денсаулық орталығы тәулік бойы стационарлық наркологиялық көмек көрсетеді. 2024 жылы 91 нашақор емделді. Олардың арасында 25-39 жастағылар басым. Психоактивті заттарды қолдану психикалық және мінез-құлық бұзылысына әкеледі, – деді маман.

Әлеуметтік дертпен күресуде полиция қызметіне жүктеуі салу жеткіліксіз. Өйткені миллион тұрғыннан асатын мегаполисте 4 мың полиция қызметкері бар. Бұл қоғамдық бақылауды күшейту керектігін сездіреді.

– Жыл басынан бастап есірткілік масаң күйде 187 қылмыстық құқық бұзушылық жасалса, оның 16-сы есірт-

кілік масаң күйде ұсталды. Есірткіге тәуелділердің артында отбасы тағдыры, қоғамның тыныштығы тұр. Көлікті есірткіге масаң күйде басқару фактісі ерекше алаңдатады. Мұндай жүргізуші қылмыскер саналады, – деді қалалық полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бастығы Олжас Рахимов.

Түнгі клубтарда психоактивті заттар мен синтетикалық препараттарды тарату фактісі жиі тіркеледі. Әрі мұндай орталықтарда есірткі заты нарықтан бірнеше есеге қымбат сатылады. Мұндай жағдайды байқаған клуб басшысы бірден полиция қызметкерлеріне хабар бергені дұрыс. Жергілікті полиция өкілдері кәсіпкерлермен бірлесе жұмыс істеуге мүдделі. Бұл туралы Жергілікті полиция қызметін ұйымдастыру және бақылау бөлімінің бастығы Аделия Әлжан айтты.

Қысқасы, қоғам дерті саналатын нашақорлыққа тәуелділікті алдын алу, тарату жолдарын болдырмауға кәсіпкерлер мен құқық қорғау органдары бірлесе жұмыс істегенде ғана іс нәтижелі болады.

Құрметті Астана қаласының тұрғындары мен қала қонақтары!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – айбынды армиямыздың даңқын асыратын және жауынгерлік рухты дәріптейтін айрықша мереке.



Жыл сайын еліміздің қорғаныс күші мен қауіпсіздігі күшейіп, әскери қызметтің беделі артып келеді. Тыныштық пен бейбітшілік – Қазақстанның үдемелі дамуының кепілі. Армия – мемлекеттіліктің мызғымас тірегі, еліміздің тәуелсіздігінің кепілі. Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне халқымыздың қауіпсіздігі мен амандығы үшін атқарып жатқан мінсіз қызметтеріне алғыс білдіремін!

Мерекемен құттықтай отырып, әр шаңыраққа шаттық, азаматтарымызға амандық тілеймін. Әрқашан аспаньымыз ашық, еліміз тыныш болсын!

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары!



Баршаңызды Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

9 мамыр күні халқымыздың жүрегі мен жадында мәңгілікке жаңғырлық батылдық символы ретінде қалады. Бүгінгі бейбіт өміріміз, тыныштық пен тұрақтылығымыз – осы жеңістің жемісі, ардагерлеріміздің қажыр-қайратының арқасы.

Біз батырларымыздың алдында әрдайым бас шөге тиіспіз. Себебі бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, ел еңсесінің биік болуы, мемлекетіміздің өркендеуі осы ержүрек аталарымыз сыйға тартқан Жеңіс күнінің жемісі деп білемін.

Ардагерлеріміздің деніне саулық, бойына қуат, әулетіне бақ-береке тілеймін! Елімізде әрдайым тыныштық пен бейбітшілік болсын!

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Қымбатты астаналықтар мен қала қонақтары!

Сіздерді бүгінгі мерейлі мереке – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Был еліміздің Қарулы Күштерінің құрылғанына 32 жыл толып отыр. Қарулы Күштеріміздің қуаты нығайып, айбыны асқақтап, даңқы арта берсін! Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғау қызметінде айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз.

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ержүрек істеріне сай сый-құрмет көрсете отырып, олардан өнеге алып өсетін жас ұрпақ Отанына адал қызмет етеді деп сенеміз.

Қымбатты жерлестер! Бүгінгі мереке күні Сіздерге шын жүректен бақыт пен тапұлық, әрбір отбасына ізгіліктер мен игілік тілеймін. Ержүрек және жігерлі адамдардың бұл мерекесі әрдайым қуаныш пен бейбіт күн келе берсін!

Сансызбай ЕСІЛОВ,
қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Қадірлі ардагерлер! Құрметті қала тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді 7 мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр Жеңіс мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – ынтымағы тұрмысына ырыс, татулығы бірлігіне тыныс біртұтас еліміздің ортақ мейрамы. Бұл – мызғымас елдіктің, жанқияр ерліктің мерекесі. Бабалар рухына тағзым ететін ұлы күн! Себебі егемендігіміздің еңселі болуы, бүгінгі бейбіт заман мен кемел келешек осы Ұлы Жеңістің арқасында келді. Ендеше, Жеңістің 79 жылдығы құтты болсын. Сонымен бірге, бүгінгі таңда қасиетті Отанымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген ер-азаматтарды 7 мамыр Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға ырыс пен ынтымақ тілеймін. Осынау ортақ иапағат пен шаттықтың мерекесі елімізге құт, көңілдерге қуаныш сыйласын!

Зұлтықар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

КӨРМЕ ТАҚЫРЫБЫ – ТАЗАЛЫҚ

Астанада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы аясында GPT нейрожелілік чатының көмегімен жасалған суреттердің фотокөрмесі өтті.

Қонақтар мен қала тұрғындарының назарына әлемді жасанды интеллект көзімен бейнелейтін 50 ерекше сурет ұсынылды. Келушілер экологияға жауапсыз көзқарасты көрсететін және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға шақыратын суреттерді көрді. GPT чатымен жасалған картиналардың әрқайсысы қазіргі жағдайды және болашақты бейнелейді. Суреттер әртүрлі стильде жасалған. Жасанды интеллект болашақты қалай бейнелейтіні келушілерді ерекше қызықтырды.

Іс-шара аясында белгілі экobel-сенді Шасалим Шағалимов елорда тұрғындары үшін табиғатқа жана-

шырлық тақырыбында дәріс оқыды. «Біздің еліміз үшін экология – өте маңызды мәселе. Бұл саладағы проблемалардың оң шешімін қаладағы коммуналдық қызметтер ғана емес, тұрғындар да қолдауы тиіс. Көлік терезесінен лақтырылған немесе арнайы жәшікке салынбаған кішкене қоқыстың өзі экологияға, жолдарға, көшелерге, жалпы қаламыздың сырт келбетіне теріс әсер ететінін ұмытпауымыз керек. Қоршаған ортаға, табиғатқа құрметпен қарауға, жақсы экология ұлт денсаулығына тікелей әсер ететінін есте сақтауға шақырамын» деді Шасалим Шағалимов.

ҚАҒАРМАНДЫ АРДАҚТАДЫ



Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледжде ғасырлық мерейтойға орай конференция өтті.

Іс-шара әскери колледж аумағында орналасқан Сағадат Нұрмағамбетовтің бюстіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Салтанатты рәсімге қатысушылар халық батырын бір минут үнсіз тұрып, еске алды. Қарулы Күштердің мемлекеттік әскери-тарихи музейінің қолдауымен колледжде батырдың өмірбаянының кезеңдерін бейнелейтін фотокөрме, әйгілі генералға арналған мұражай экспозициясы ашылды. Онда генерал формасы, кителі, соғыста пайдаланған командирлік сөмкесі мен картасы, Сағадат Нұрмағамбетовтің бейнесі тоқылған кілем ілінген.

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысының Ақкөл ауданында (бұрынғы Алексеев ауданы) өмірге келген. 1942 жылы мектептен Қызыл Армия қатарына шақырылып,

Түркіменстанның Кушка қаласындағы әскери училищеге жіберілді. Оқуын бітірген соң 1943 жылдың сәуір айында майданға аттанды. Осыдан кейінгі екі жыл бойы пулемет взводның, пулемет ротасының командирі, 5-екпінді армияның II дәрежелі Суворов орденді 301-Донецк атқыштар дивизиясының 1052-атқыштар полкі құрамында батальон командирі лауазымында жауға қарсы шайқасты. 1945 жылы 27 ақпанда Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындағаны үшін Совет Одағының батыры атағы берілді.

Сағадат Нұрмағамбетов 1991 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің төрағасы, ал 1992 жылғы 7 мамырда республика Қорғаныс

министрі болып тағайындалды.

1994 жылғы 23 мамырда Мемлекет басшысының Жарлығымен Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке Халық қаһарманы атағы мен №1 «Алтын Жұлдыз» табыс етілді. 1995 жылғы қарашада армия генералы атағымен отставкаға шығып, ел Президентінің кеңесшісі болды.

Іс-шараға «Tayelsiz Qazaqstannyn Nalyq Batyrlary» РҚБ басшысы Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, «Қарулы Күштер ардагерлері» РҚБ төрағасының орынбасары, генерал-майор Марат Нағұманов, Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаменті бастығының орынбасары, полковник Амангелді Тоғысов, ҚР Ұлттық қорғаныс университетінің, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің,

М.Жұмабаев атындағы Халықаралық колледждің оқытушылары, әскери оқу орнының кадеттері мен ұландары қатысты.

Іс-шараға қатысушыларға Қарулы Күштердің ардагерлері Бақытжан Ертаев пен Марат Нағұманов құттықтау сөз сөйлеп, батырдың соғыс кездегі ерлігі мен тәуелсіз Қазақстанның Қорғаныс саласына сіңірген еңбегі жайлы айтып берді. Конференцияда Ұлттық қорғаныс университетінің аға оқытушысы, полковник Асқар Макипов, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әскери кафедрасының оқытушысы, полковник Атығай Балғабеков, М.Жұмабаев атындағы Халықаралық колледжінің АӘД оқытушылары, подполковник Ерлан Серікбаев пен капитан Серік Сүлейменовтің баяндамалары тыңдалды.

Жиын барысында сөз сөйлегендер Сағадат Нұрмағамбетовтің өмірі мен жауынгерлік жолының жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу ісіндегі маңызын атап өтті.



ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Жеңіс күні мерекесіне орай елордадағы Достық үйінде «Аталардың ерлігі – жастарға үлгі» атты дөңгелек үстел өтті.



Жас ұрпақтарға Ұлы Отан соғысындағы жеңістің тарихи маңызын түсіндіру, ата-балаларымыздың ерлігін ұлықтау мен насихаттау арқылы өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизм мен ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мақсатында өткен бұл іс-шараға елордалық ҚХА және Ақсақалдар кеңесінің мүшелері, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, жастар, әскери қызметшілер қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында: «Біз – бір елдің перзенті, бір халықтың ұл-қызымыз! Ұлы даланың ұлан-ғайыр жерінде бәрімізге орын жетеді. Осы киелі мекенде бәріміздің де көздің қарашығындай сақтайтын және сол үшін еңбек етіп, өмір сүретін қастерлі дүниелеріміз бар. Біз уақыттың кез келген сын-қатеріне еңсемізді тік ұстап қарсы тұрамыз. Біз – біртұтас халықпыз,

біз барлық сынақты еңсереміз. Әрбір отандасымның бойынан шынайы патриотизмнің, жоғары азаматтық жауапкершіліктің, өз ісіне деген адалдықтың үлгісін көреміз. Дәл осы қасиеттер – Әділетті Қазақстанды сәтті құрудың кепілі!» деген еді. Біз бүгін Қазақстан халқы ассамблеясы мүшелерінің еліміздегі қоғамдық-саяси өміріне белсенді атсалысып отырғанын мақтанышпен айта аламыз. Олардың осы еңбегінің арқасында елордамызда этносаралық келісім салтанат құрып, қиын-қыстау кезеңдерде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығырып, бірліктің үлгісін көрсетіп келеміз, – деді Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсаинова.

Іс-шара аясында Астана қаласы Мемлекеттік мұрағатының ұйымдастыруымен «Ерлікке тағзым» атты

мұрағаттық құжаттардың көрмесі өтті. «Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақстандықтардың ерлігі архив құжаттарында» кітабы да көрмеге қойылып, дөңгелек үстелге қатысқан қонақтардың назарына ұсынылды. «Бұл – архив құжаттарына негізделі отырып жазылған кітап. Соғысқа қатысқан азаматтардың архивтері бізде жеке қор ретінде жиналған. Осы қорларды топтастырып орыс және қазақ тілінде кітап етіп шығардық. Бүгінгі бас қосуға арқау болған дақты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов, Рақымжан Қошқарбаевтар батыр атағын алғанда 20-дан енді асқан жастар еді. Олар тіпті соғысқа баруға жасы да толмай, «19 жастамын» деп өзі сұранып, әскерге аттанған. Осының бәрі бүгінгі жиналысқа қатысқан жастарға үлкен тәрбие деп ойлаймын» деді Астана қаласы мемлекеттік архив директоры Жангелді Бимолдин.



БАТЫР ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Астанадағы №44 орта мектепке Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың есімі берілді.

Мектепте өткен «Батырдың ерлігі – ел есінде...» атты мерекелік бағдарлама аясында Рақымжан Қошқарбаевқа арналған мемориалдық тақтаның ашылу салтанаты өтті. Сондай-ақ мектепте Рақымжан Қошқарбаев атындағы алғашқы әскери патриоттық кабинет те ашылды. Мұнда батырдың өмір тарихы және марапаттарымен танысуға бола-

ды. Сондай-ақ келушілер назарына батырдың фотосуреттері қойылған.

Батыр есімін иемденген оқу ордасында бүгінде 1000-нан астам шәкірт білім алады.

«Бұл – мектеп үшін үлкен мереке. Білім ордасына батырдың есімі берілгенін мақтан тұтамыз. Келешекте біздің оқушыларымыз Рақымжан Қошқарбаевтың

ерліктерін жалғастыратынына кәміл сенеміз. Мектебіміздің бүгінгі миссиясы – ұлттық құндылықтар негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру» деді мектеп директоры Ләззат Құлтаева.

Іс-шараға Қорғаныс министрлігі мен қалалық білім басқармасы өкілдері, сондай-ақ педагогтар мен оқушылар қатысты.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ НЕМЕСЕ ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

— Сұрапыл соғыстың аяқталған күнін жыл сайын атап өту — Жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым ету, халқымыздың тарихын құрметтей білу, сол кезде болған түрлі оқиғаларды бүгінгі күн биігінен бағалау — қазіргі ұрпақтың, яғни біздің парызымыз. Ұлттық бірегейлігімізді нығайтумен қатар ел қорғаған ерлердің есімдерін ардақтау, жаңғырту маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге дайындықты қазірден бастауымыз керек екенін айтты. Осы ретте Астана қаласының әкімдігі, елорданың Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, қаланың Мемлекеттік архиві қорында жинақталған құжаттар негізінде үлкен жинақ шығарды. Ақмола өңірі батырларға кенде емес, еліміздің жылынамына алтын әріппен есімдері жазылған батырлар өте көп, — деді ұйымдастырушы тараптан Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин.

Оның айтуынша, «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі — архив құжаттарында» кітабы төрт тараудан тұрады. Еңбек елорда архивіне өткізілген соғыс ардагерлерінің құжаттарымен ашылады. Әрі қарай шетел архивтерінің деректері жинақталып, Ақмола қаласының соғыс жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өмірі туралы деректер, «Надежда» мемориалдық аймағы» іздестіру жасағының мәліметтері берілген.

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Мемлекеттік әскери тарихи музейінің басшысы Ләззат Әлжан аталмыш іс-шараның мән-маңызын атап өтті. Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Досжан Исабек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам — Адал еңбек — Адал табыс» атты үшінші отырысында айтқан «Екінші дүниежүзілік соғыс ескі шежіреге айналған сайын тарихи және әскери тақырыптағы алып-қашпа аңыз әңгімелер көбейе түсті. Қазақстан ерқабан тарихи шындықтың және адамзат жыл-

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Мемлекеттік әскери тарихи музейінде Ақмола өңірінің түлектері — Кеңес Одағының Батыры, еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтің, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың және «Даңқ» орденінің толық иегері Әлмұқан Сембиновтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Ерлікке тағзым» атты ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел отырысы, Астана қаласы Мемлекеттік архиві мен Мемлекеттік әскери тарихи музейі қорындағы фотосуреттер мен құжаттар көрмесі, «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі — архив құжаттарында» кітабының тұсаукесері өтті.



намасындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды» деген сөзін еске алып, Президент Ұлы Жеңістің 80 жылдығына дайындықты қазірден бастау керектігін тапсырғанын айтты.

— Бұл ретте архив қорларына кеңірек үңілу, архив қорларын жеке тұлғалардың құжаттарымен толықтыру аса маңызды. Елордада Ұлы Отан соғысы батырларына арналған ескерткіштер де, көшелер де бар. Қазіргі таңда олардың атына мектеп атауларын да берудеміз, — деген Досжан Исабек Президент «Айбын» орденінің түрлі дәрежесін Бауыржан Момышұлы, Сағадат Нұрмағамбе-

тов және Рақымжан Қошқарбаев аттарымен атау туралы шешім шығарғанын атап өтті.

Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаев ұлт мақтаныштарына айналғанын айтты. Сағадат Қожахметұлы әскери қызметте өзіне бағыт-бағдар бергенін атап өтіп, батырдың болмысына тоқталды.

— Қазіргі жастарға Отанды қалай сүю керектігін сөзбен емес, жүреппен түсіндіруіміз керек, — деді Бақытжан Ертаев.

Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменов адамзаттың дамуы ұрпақтар сабақтастығына негізделу

керектігін айтып, тарихтан тағылым алудың, сабақ алудың маңызын атап өтті. Сұрапыл соғыстың қасіретін осыдан 4-5 жыл бұрынғы Беларусь еліңе сапары кезінде ерекше сезінгенін жеткізді.

— Бейбіт күнде жасампаз болып, Қазақстанды алға жетелеуіміз қажет. Бірақ бейбіт, ашық аспан болуы үшін де әскеріміз айбынды, ұланымыз антына адал болуы керек. Сонда ғана халықтың бүкіл күш-қуатын жасампаздыққа бағыттап, халықтың еңбекқорлығы мен дарындылығының арқасында алға қарыштап басамыз. Сағадат Нұрмағамбетов, Рақымжан Қошқарбаев, Әлмұқан Сембинов

және Талғат Бигелдинов секілді қаһармандарымыз — әрдайым бізге үлгі. Бұл кісілердің өмірі сан ғасыр бізді жасампаздыққа да, қаһармандыққа да бастайды, — деді Әлихан Байменов.

Қоғам қайраткері, генерал-лейтенант Абай Тасболатов ұстазы Сағадат Нұрмағамбетов тәуелсіздіктің алғашқы ең қиын жылдары Қазақстан Қарулы Күштерін абыроймен, әскерді шашыратпай, бытыратпай басқарғанын атап өтті. Сағадат Қожахметұлы екінші мәрте Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғанын, алайда берілмегенін айтты. Сағадат Нұрмағамбетов, Талғат Бигелдинов, Бақтыораз Бейсекбаев,

Бауыржан Момышұлы ерліктерін еске алып, патриоттық тәрбиенің маңызына тоқталды. Ақмолада жасақталған дивизиялар туралы айтты.

Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов аталмыш ұйым мен елорданың Мемлекеттік архивінің бірлескен жұмыстарына тоқталып, соның ішінде биыл Әлмұқан Сембиновтің 100 жылдығына арналған іс-шараны өткізгенін атап өтті. Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдиновпен кездескен күндерді, батырдың жарқын бейнесін еске алды. Сонда оның өзінің аузынан Астананың іргесіндегі Майбалықта туғанын естігенін жеткізді.

— Әлмұқан Сембинов Астананың жанындағы Жаңа бірлік ауылында туған. Соғыс кезінде әскерге 19 жасында алатын. Ол құжаттарына жасын қостырып, 17 жасында соғысқа кетті. Қатардағы жауынгерден аға лейтенант дәрежесіне дейін көтерілді. Ақмолаға оралғаннан кейін партия мектебін, институт бітіріп, қызмет істеп, Ақмолаға теміржол салып, құрылыс техникумының тұңғыш директоры болды. Осындай батырлардың ерлігін ұмытпауымыз керек. Қазір ғаламторды оқимыз. Сонда кейбіреулер «бұл біздің, қазақтың соғысы емес. Ұлы Отан соғысы деп атамау керек, Екінші дүниежүзілік соғыс деу керек» деп соғады. Біздің Үкімет, басқа да мемлекеттік органдар, зиялы қауым неге соған тоқтау салмайды?! — деді Сансызбай Есілов.

Дөңгелек үстел отырысында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Гүлнұр Мұсабалина, Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейінің «Жас сарбаз» әскери-патриоттық сыныбының оқушысы Айсулу Тойбоған Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбында баяндама жасады. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатоының мүшесі Еркін Дәуешұлы Сағадат Нұрмағамбетов есімін мәңгі есте қалдыру үшін атқарылған шараларға, қолға алынуы тиіс істерге тоқталды. Әлмұқан Сембиновтің жиені Бақыт Алтаева батырды ұлықтау мақсатында жасалған жұмыстар туралы айтты. Астана қаласы Мемлекеттік архиві директорының орынбасары Тілеуғали Қышқашбаев ескерткіш орнату туралы ойымен бөлісті.

БЕЙБІТ КҮНГЕ ЕШТЕҢЕ ЖЕТПЕЙДІ

«Жыл сайын Жеңіс күні қарт солдаттар бір жасап қалады-ау деп тұрам ойлап» деген ақын жырының жолдары бүгін дәл еске түсетін күн. Өйткені тарихта қанды қасап болған Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына да жетпіс тоғыз жыл толып отыр. Қазір сол келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін жаумен жан аямай айқасып, жалындаған жастық шақтарын қан майданда өлім мен өмір арасында өткізген жауынгерлердің Астана қаласында тек жетеуі қалыпты. Солардың бірі — соғыс ардагері Жақан Сейсебаев.

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Көпті көрген көнекөз қария биыл наурыз айында 99 жасқа толды. Айтары мол ақсақал әлі тың көрінеді. Таяуда Алматы жаққа барып, ағайын-туыстарын аралап, бой сергітіп қайтыпты.

Он жеті жасында майданға кірген қарияның қазіргі тұрпатын көріп, «сырлы ағаштың сыры кетсе де сыны кетпейді» деген мақал ойыңызға еріксіз оралады.

«1942 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылды. Мәскеу

түбіндегі бір стансада төрт ай алғашқы дайындықтан өткеннен кейін бізді 1943 жылы соғысқа апарып салды. Жау әскерімен алғашқы бетпе-бет келген жеріміз Беларуссияны азат ету үшін кескілескен шептегі майдан болды. Мен құпия бөлімнің барлаушысы едім. Ұмытпасам, наурыз айының іші-ау деймін, түнде тағы да із кесуге шықтық. Үш адамбыз. Алда командир орыс жігіті соңында біз екі жауынгер ұзақ жүріп, жау бекінісіне таяу маңға келіп аялдадық. Он сегіз жастағы балаң жігітпін. Үйренген тәсілім бойынша жер бағдарын картаға түсіре бастап едім. Қарсы жақ байқап қалып, снарядтан оқ жаудырды. Жаныма келіп



түскен бір жарқыншақ басыма келіп қадалып, есімнен танып қалдым. Көзімді ашсам, Мәскеу қаласының әскери госпиталінде жатырмын. Оң жақ желке тұсымнан тиген оқ сынығынан біраз емделуге тура келді» деп есіне алады майдангер сол отты күндер елесін.

Жақан аға елге оралғасын өзінің туған жері Алматы облысының Кер-

бұлақ ауданында еңбек етті. 1969 жылы Алматы қаласындағы политехникалық техникумның бухгалтерлік есеп факультетін бітіріп, Көксу ауданының Алғабас ауылында біраз жыл мамандығы бойынша да жұмыс істеді. Кейін мал шаруашылығында ферма меңгерушісі болып, 1985 жылы зайнет демалысына шықты.

— Талай сұмдықтар бастан өтті ғой деп күрсінді майдангер. Қайсыбірін айтайын. Тек бір оқиға жадыма мәңгілік жатталып қалды. Бір ғасырға жақын ғұмыр кешсем де сол бір қиын-қыстау сәттегі өмір үшін жанталасқан құштарлығымды ұмыта алмаймын.

Командиріміз: «Дайындалындар, жаудың алпысқа тарта танкісі келе жатыр. Оларды осы шептен өткізуге болмайды. Бұйрық солай» деді. Бірнеше ауыр атқыш құрал мен гранатаны оқопқа әкеліп қойдық. Көп кешікпей неміс солдаттары шабуылды бастап жіберді. Танкілерді «Катюшамен» атқылап жатырмыз. Төрт-бес сағат атыстан кейін олар шабуылын доғарған сияқты болды. Біздің де қатарымыз сиреп қалыпты. Бір кезде бір танк біздің траншеяға бет түзеп, салып

келеді. Орнымнан ұшып тұрып қос гранатаны лақтырып үлгердім. Одан кейін аспан айналып кеткендей болды. Есімді тағы госпитальде жидым. Сөйтіп, біз алты сағатта жаудың алпыс танкісін жойып жіберіппіз» деп аяқтады әңгімесін қарт майдангер.

Ол Жеңіс күнін Кенигсбергте (Шығыс Пруссия) қарсы алыпты. «Таңғы сағат сегізде радиодан «Соғыс бітті!» деген сөзді естігенде жыламаған адам болған жоқ. Бір-бірімізді құшақтап, қуаныштан билеп секіре беріппіз» дейді. Бірақ ол үшін соғыс әлі аяқталмаған екен. Жапон соғысына жіберіліп, 1947 жылдың қазан айында Владивостоктан бір-ақ шығады. Үшінші рет жараланып, елге 1948 жылы оралыпты.

«Бейбіт күнге ештеңе жетпейді. Соғыста жүріп небір адам айтуға аузы бармайтын жантүршігерлік сұмдықтарды бастан өткердік. Қанша қиындық болса да аспанымыз ашық болып, сәбилердің алаңсыз балалығы мен халқымыздың ынтымақ-бірлігінен асқан бақыт жоқ» дейді тоғыз немере, жиырма шебер сүйіп отырған ардагер ата.

– Бірінші сұрақты өзіңден бастасақ. Әскери қызметке қалай келдіңіз? Әскери жолыңыз туралы қысқаша айтып берсеңіз.

– Қазір «Әскерге бар, жалынды жас!» деп ұрандатып жатады. Өйткені көпшілігі әскерге барғысы келмейді. Тіпті жалған анықтама жаздырып алу фактісі анықталып жатады. Біздің кезде Отан алдындағы борышын өтемеген азаматтарға «сенімсіз қарайтын». Ағаларымыз әскери формасын киіп, ауылға келген сайын қызығушылығымыз артып, әскерге баруға ынтығатынбыз.

Мектеп бітіргеннен кейін Қазалы вагон жөндеу депосында слесарь ретінде жұмыс істеп, еңбекке араласып, ата-анама қолғабыс болдым. «Ерді еңбек есейтеді» дегендей, алды-артымды бағамдап, білім алуды ойладым. Егер институтта оқитын болсам, үйге салмақ салатынымды түсіндім. Сөйтіп, 1973 жылы Алматы қаласындағы әскери училищені саналы түрде таңдап, әскери жолым басталды. 1977 жылы училищені бітіргеннен кейін Сарыөзектегі 68-мотоатқыштар дивизиясына жіберді. Көп ұзамай Алматы қаласындағы 186-мотоатқыштар полкіне ауыстым. 1979 жылы 26 желтоқсанда түнгі уақытта дабыл қағылып, Ауғанстанға әкетті.

– Ауған соғысында қанша уақыт болды?

– Екі жылға жуық Ауғанстандағы жойқын соғыстың ортасында болдым. Алғашқы жылы взвод командирі, кейін 9-ротаның командирі ретінде соғысқа араластым.

– Одан кейінгі әскери өміріңіз қалай өрілді?

– Өткен ғасырдың 80-жылдардың басынан 90-жылдардың аяғына дейін әскери қызметтің түрлі сатысынан өттім. Калинин атындағы 210-мотоатқыштар полкінің, 48-мотоатқыштар дивизиясының мотоатқыштар батальонының командирі, Түркістан әскери округінің қолбасшысы, Жезқазған облысы Балқаш қалалық әскери комиссары, сосын Шығыс Қазақстан облысындағы Георгиевка елді мекенінде орналасқан Мотоатқыштар полкінің командирі,

ПАТРИОТИЗМ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ БЕЛГІСІ

Генерал-майор, Қазақстан Жоғарғы Қарулы Күштерінің және Ауған соғысының ардагері Әлімжан Ераниязовтан жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің маңызы және әлемдік геосаяси жағдай күрделене түскен уақыттағы отандық әскеріміздің күш-қуаты туралы сұрадық.



Сарыөзектегі Мотоатқыштар дивизиясы командирінің орынбасары болдым.

2000 жылдардан зейнетке шыққанға дейін Қазақстан Қарулы Күштері арсеналдар мен қару қоры базасы Бас басқармасында, Құрлық әскери гвардиялық оқу орталығында, «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінде, Қазақстан Қорғаныс министрлігі Бас инспекциясында, Жауынгерлік даярлық департаментінде түрлі деңгейдегі басшылық қызметті атқардым.

2014 жылы зейнетке шығып, демалыста жүргенімде ел ағалары «елге қызмет ет» деп шақырып, Қызылорда облысының қорғаныс істер жөніндегі департаментінің бастығы болдым.

– Жастардың әскерге барғысы келмейтінін негізгі себебі неде?

– Жастар арасында қатарластары оқу-білім, мансап құрып жүргенде, әскерде жүргендер құр қалатындай сезінетіндер көп. Екінші жағынан, әскердегі қатаң өмірден қорқады. Қазір әскердегі қысым, зорлық, қылмыс туралы ақпарат жиі айтылады. Мұны естіген ата-аналар әскерге ұлын жібергісі келмейді.

Бәрі тәрбиеге келіп тіреледі. Отан отбасынан басталады. Бұл – ақиқат. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген аталы сөздің мағынасы терең. Отбасындағы тәрбиені дұрыстау керек. Ал отбасылық құндылықтарды қалыптастыруда мемлекеттік идеология маңызды рөл атқарады. Яғни ұлттық тәрбиеге мән беріп, біреуге қиянат қылмауды, тәртіпке бас июді бала кезден санасына сіңіру маңызды. Біздің байлығымыз – ұлан-байтақ жеріміз. Жер – халықтікі! Оны қорғайтын жігіттеріміз намысты, батыл, жігерлі болмаса, елдігіміз қалай мәңгі болады?!

Патриотизм – ұлттық рухтың негізгі белгісі деп қабылдамай, іс өнімсіз, жұмыс жүйесіз бола береді.

– 2 жыл соғыс көріп, 40 жыл әскер қатарында қызмет еткен маман ретінде әскери қызметті жастар қызығатын қызметке айналдырудың қолымыз айта аласыз ба? Азаматтарды Отан алдындағы борышына ынтығандыру үшін не істеу керек?

– Қарулы Күштері жүйесін заман талабына сай реформалап, алдымызда жаңа өзгерістер енгізу міндеті тұр. Сарбаздар-



Әскери қызметтегілердің жалақысын көтеру керек. Түрлі әлеуметтік пакеттерді енгізіп, әскери адамдарға қоғамның көзқарасын дұрыстау керек

ды тегін жұмыс күші ретінде қарамай, профессионализмге көңіл бөлген дұрыс. Әскерде болған жастарды жоғары оқу орнына түсу жеңілдігі қарастырылып отыр. Әскери қызметтегі адамдарға бірқатар әлеуметтік жеңілдіктер бар. Дегенмен бұлар аздық етеді.

Әскери қызметтегілердің жалақысын көтеру керек. Түрлі әлеуметтік пакеттерді енгізіп, әскери адамдарға қоғамның

көзқарасын дұрыстау керек. Мәселен, 1989 жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерлері Ауғанстан аумағынан шығарылған күнді атаулы мереке ретінде қабылдаймыз. Атқарушы билікте жүргендер бұл күннің маңызына дұрыс мән бермейді. Өтті-кетті қарайды. Осыдан кейін жастар қалай әскерге қызығады?

– Әскери маман ретінде жастардың физикалық, психологиялық, эмоционалдық, интеллектуалдық деңгейіне баға бере аласыз ба? Біздің жастардың артықшылығы мен кемшілігі туралы ойла-нып көрдіңіз бе?

– Әрине, жастардың арасында елім, жерім деп жүргендері көп. Оларға мемлекет тарапынан қандай көмек көрсетілуде? Бұл бөлек сұрақ.

Жалпы спортты серік етіп, халықаралық байрақты бәсеке-лерде елдің намысын абыроймен қорғап жүрген жастардың ерік-жігерін, талап-арманын көріп қуанамын. Олар өздерін физикалық тұрғыда шыңдайды және психологиялық тұрғыда тұрақты келеді.

Қазір технология заманы. IT мен ЖИ көптеген салаға түбегейлі өзгеріс әкеліп, әлемдік экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналды. Жастар бұл салаларды меңгеруде бізден озып тұр. Яғни интернеттің игілігін қолданып, технологияны тез меңгереді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары. Электронды шылым шегіп, кальн тартып жүрген жастарды көргенде көңіліміз құлазып қалады.

– Өзіңіз білетіндей, әлемдік геосаяси жағдай ушығып тұр. Мұндай кезде отандық әскердің қауқарын бағалау орынды деп білемін.

– Адамзат төртінші өнеркәсіптік революция табалдырығында тұр. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан әлем елдерінің экономикалық байланысы үзіліп, геосаяси өзгерістер орын алууда.

Қуатты елдер әлемге әмірін жүргізуге күш-жігерін салуда. Тіпті аймақтық империялар ұпайын түгендеуге ниетті. Ресей Федерациясының біртұтас Грузияны бөлшектеп, Украинаға соғыс ашуы осыған айқын мысал.

Израиль мен ХАМАС арасындағы қақтығыстар, Иранның аймақтың саяси жағдайына ықпал етуге талпынуы көруге болады. Түркияның да өзіндік мүддесі бар. Қарабаққа Әзербайжан мен Арменияның таласы, Қытай мен Тайваньның мүдделер қақтығысы кез келген уақытта ушығып кетуі мүмкін.

Енді қазіргі ірілі-ұсақты соғыстардың негізгі нышанын көретін болсақ, соғыс тактикасы, әскери стратегия мүлде басқа арнаған бұрылды. Оған ғылыми техникалық революцияның әсері орасан. Жаңа технологиялар мен жаңа цифрлы мүмкіндіктер, бақылау жүргізу құрылғылары мен техникалары соғыс келбетін, ұрыс жүргізу қимылын өзгертті. Бұл жаңа дәуірдің соғысы – бұл дрондар мен зымырандардың соғысы.

Біздің әскер заманауи соғыс технологиясымен қаншалықты қамтылды? Міне, біздің елдің басшылары осы бағытта ізденіп жатқаны анық.

Бетті дайындаған Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

ӘСКЕРДЕ ДЕ ТАЛАЙ ЧЕМПИОН ЖҮР

Ресейдің Мәскеу қаласында қоян-қолтық ұрыстан Әлем кубогы өтіп, оған әлемнің 27 елінің спортшылары қатысты. Байрақты бәсекеде Қазақстан құрамасы сапында Қарулы күштері Арнайы операциялар күштерінің әскери қызметшісі Арнат Нәметов пен Жандос Мадихиянов өнер көрсетіп, жеңістің биік тұғырынан көрінді. Біз чемпиондарды №20850 әскери бөлімінде қарсы алып, құттықтадық.

Әскер – өмір мектебі. Азаматтардың өмірге деген көзқарасын шыңдап, тәртіпке үйретеді. Отбасыға деген сүйіспеншілігін күшейтіп, Отан алдындағы жауапкершілігін арттырады. Сарбаздар таңертеңнен күн батқанша тапсырма орындап, физикалық күш-қуатын, психологиялық мінез-құлқын шыңдайды.

Әскери бөлімнің табалдырығын аттаған сәттен-ақ осындай аураны сезіндік. Таңғы сағат 07.40-та сарбаздар сапта тұрды. Сапта тұрып, ондағы жаттығуларды орындау – әскери әдептілік пен тәртіпке баулуудың бірден-бір құралы. Сарбаздардың саптағы командалама үйлесімді қозғалысы сергектік пен сезімталдықты талап етеді, бәрінен бұрын, жылдам әрі батыл қимылдауы маңызды. Осындай көріністі сырттай бақылап тұрғанда, чемпиондар мінген автокөлік

келіп тоқтады.

Намысты азаматтар Нұрдәулет Ержігітов, Арнат Нәметов және Жандос Мадихияновті сарбаздар ерекше ілтипатпен қарсы алды. Әскери бөлімнің командирі, подполковник Жасұлан Жұмабаев:

– Бізде тарихи сәт! Әлем кубогының чемпиондарын қарсы алып, абыройымыз артып, мерейіміз тасып тұр. Бұл – төккен тер мен үздіксіз еңбектің нәтижесі. Бұған дейін біздің сарбаздар Қазақстан чемпионатында, сосын ТМД елдерінің турнирінде бірінші орын алып, өздерінің жеңіске деген ерік-жігерін танытты. Жеңіс құтты болсын! Рухты жауынгерлер көбейе берсін! – деп құттықтады.

Рас, әскери адам үшін спорт кәсіби дайындық тұрғысынан маңызды, ал жекпе-жек арнайы күштердің жауынгерін батылдықыға, табандылыққа

және төзімділікке тәрбиелейді.

Әлем кубогы аясында қатысушылар «өзін-өзі қорғау» техникасын көрсетіп, соның ішінде пышақ пен тапаншадан қорғану әдістерін қолданды. №32039 әскери бөлімінің әскери қызметшісі майор Нұрдәулет Ержігітов 90 келі салмақта өнер көрсетіп, қола жүлдегер атанды. Ол қоян-қолтық ұрыстарға шәкірт баптап, жаттықтырушылық қызмет атқарып жүр.

– Біз мақсатымызға жеттік. №20850 әскери бөлімінің әскери қызметшісі, сержант Жандос Мадихиянов 57 келі салмақта, аға сержант Арнат Нәметов 62 келіде қарсыластарының осал тұсын тауып, Мәскеу төрінде жақсы өнер көрсетті. Жаттығу кезінде дайындаған әдістерін сауатты орындады. Басы ғана, алда талай байрақты бәсеке-лер күтіп тұр, – деді бапкер Нұрдәулет.



1979 жылы Литваның Каунас қаласында орналасқан 7-гвардиялық десанттық дивизияға бекітілген спорт базасында әуе-десанттық әскерлердің қатысуымен қоян-қолтық ұрыстан бірінші жарыс өткен-ді. 1994 жылға дейін қоян-қолтық ұрыс өнері әскери қолданбалы спорт түрінің бірі саналды. 1995 жылы Ресейде Армия қоян-қолтық ұрысының федерациясы (FABR) тіркеліп, бұқаралық сипат алды. 2011 жылы Мәскеуде алғаш рет жекпе-жектің осы түрінен

әлем чемпионаты өтіп, содан бері спорт түрі ретінде дамып келеді.

Арнайы операциялық күштерінің мақтаншытарын сөзге тарттық. Әлем кубогының иесі Жандос Мадихиянов шығыс жекпе-жек түрлерінен жетістігі көп, кунг-фудан да республикалық, халықаралық жарыстарда жүлде алған.

– Мәскеуде өткен әлемдік дода жоғары деңгейде өтті. Қарсыластарым осал болмады. Мемлекеттік Гимнді шырқатып қайтқанымға қуаныштымын,

– деді чемпион.

Әскер қатарында да талай чемпиондар жүр. Олардың спорттық бабында болуын рухани қолдаса, талай жарыста елдің намысын абыроймен қорғауға дайын. Біз барған әскери бөлімде сарбаздардың спортпен шұғылдануына жан-жақты жағдай жасалған екен. Тек ықылас-ниет пен ерік-жігер болса, жетістікке жетудің жолын табуға болады. Жандос пен Арнаттың үлгісі осыған дәлел...

ЖЕҢІС СОЛДАТЫНЫҢ ГЕНЕРАЛ ҰЛЫ

Қазақстан Республикасының құрметті прокуроры, әділет генерал-майоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, бүгінде «Мақсұт Нәрікбаев университеті» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Болат Сембиннің есімі тек өз ортасында ғана емес, еліміздің ару Алтайдан қарт Атырауға дейін созылған ұлан-байтақ өлкесіне кеңінен танымал мемлекет қайраткері десем артық айқандық емес. Өйткені ол – бар саналы ғұмырын еліміздің прокуратурасының, оның ішінде заң үстемдігін сақтау жолына арнаған және құқықтық жүйенің қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосқан тұлғасы биік азамат.

Боз даласына бұра шөккен қасиеті мен киесі мол Сарысу топырағында Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағаты ұзаққа жайылған ұстаз Донда Сембин мен аяулы анасы Күмисай құрған отбасының төлбасы болып дүниеге есігін Жамбыл облысының Жайылма ауылында ашқан жан.

Қазақ халқы үшін оның қай өлкесі болмасын оның қасиеті де биік, киесі де мол жерлері өте көп! Соның бірі – қасиетті Әулиеата өңіріндегі табиғаты қатал, жұрты жомарт, елі еңбекқор Сарысу елі. Ал кешегі Қорқыт бабадан кейін Ұлы даланы қобыз үнімен әулеткен Ықылас Дүкенұлы, қазақ театр және кино өнерінің ақтаңгері, КСРО Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов, белгілі қоғам қайраткерлері Санақ Әбеуов, Алдаберген Сәрсенбаев, Сейфулла Қожаянов, ғалым Көпшіл Әбдімәжитов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінде ұзақ жылдар жауапты қызметтер атқарған Тілеу Мырзанов, қолындағы қамымен ел таныған айтулы жазушылар Берік Шаханов, Пернебай Дүйсенбин, Қали Сәрсенбай, Италияның атақты Ла-Скала опера театрында тұңғыш ән салған қазақ баласы, Бөкең ағамыздың немере інісі дүлдүл өнер иесі Амангелді Сембин, жезтаңдай өңшілер Сауле Жанпейісова, Ардақ Исатаева мен Торғын Смайылова сынды дарабоздар осы қастерлі топырақтан шыққан.

Осындай шоктығы биік жерлерестер қатарының алғы шебінде текті ұрпақтан тараған Қазақстан прокуратурасы саласының саңлағы, Сарысу өңірінен шыққан тұңғыш генерал, биыл 80 жастың сеңгіріне шығып отырған Болат Сембин ағамыз да тұр.

Жастайынан білімге құштар, спортқа жақын өскен Болат ағамыз Жайылма ауылындағы Ленин орта (қазіргі Әйтеке би) мектебін үздік аяқтап, механизаторлық еңбектің алғашқы ашы дәмін татып, әскер тәртібін көріп, басын ақ қар шалған Алатауға сән беріп тұратын әсем Алматыдай қалаға білім іздеп келіп, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті) заң факультетіне студент болып қабылданған Болат Сембиннің таудан аққан өзендей өмірі мен қызмет жолы осылайша басталды.

Алғашқы кәсіби еңбек жолы жер жоннаты Жетісу өңірінің Гвардейский ауданында прокурордың көмекшісі қызметінен бастаған ол Талдықорған облысы Киров ауданын прокуроры, кейіннен жаңадан ашылған Торғай облысы прокурорының орынбасары, облыс прокуроры, Қарағанды облысы прокурорының бірінші орынбасары, Алматы және Талдықорған облыстарының прокуроры, Алматы және Қазақ теміржолы прокуроры сынды аса жауапты жолдардан үлкен абыроймен өтіп Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары деңгейіне көтерілген іскер ұйымдастырушы, қылмыстық іс жүргізудің берені маманы, білікті басшы болды.

Сонымен қатар, заң саласының ғалымы ретінде елімізде прокуратура және құқық қорғау жүйелерінің жұмыстары бойынша қабылданған көптеген заңдардың жобаларын дайындауға атсалысқандығы тағы бар. Құқық саласына қатысты қолданыста жүрген көптеген монографиялардың авторы. Сонымен қатар, басшылық қызмет жолдарында бірқатар аудандар мен облыс тұрғындарының сеніміне ие болып, халық қалаулысы атанып, жергілікті Кеңестерге депутат болып сайланса, екі мәрте Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне «Ақ жол» және



«Әділет» саяси партиялардың партиялық тізімдері бойынша депутаттыққа кандидат болып тіркелгенін де үлкен мәртебе санаймын.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Тәуелсіз қазақ еліне аса қажетті кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлау ісіне бел шеше кіріскен ол еліміздегі саяси-құқықтық реформалардың табысты іске асырылуына белсенді ықпал еткен кәсіби заңгер ғалым, өресі биік зерттеуші қатарынан көріне білді.

Атам қазақ ұрпағына арнап артында қалдырған «Жақсының жанында жүр, сапарласыңа сенімді серік бол!» деген баталы сөзін өзіне мұрат тұтқан ол өмір жолында талай ірі тұлғалы атпал азаматтармен қатар жүріп, айнымас сыйластыққа ие болып, сапарлас болған жағдайларын өзі де үлкен құрметпен есіне алып отырады.

Аса жауапты қызметтерде шар болаттай шындалған, ағынан тұрып, адалынан жаралған Болат Ажақайұлы – атақ пен даңққа, кеуде толтырар марапат үшін еш уақытта қызмет жасамаған жан. Ал атақ пен даңқтың, абырой мен мәртебенің, құрмет пен сыйды оған өз еңбегі мен ақ пейіліне берілгенін, адалдығы мен тазалығы арқасында келгенін оны қоршаған қабырғалы қоғам өте жақсы біледі. Ол кісінің алдын көріп, тәрбиесін алған көптеген азаматтар бүгінде Тәуелсіз Қазақстанда төл Конституциямыз талаптарының сақталуы мен заң үстемдігінің берік орнығуы жолында аянбай еңбек етіп жүр.

Бар қазақ құрмет тұтқан кемеңгер Димаш Қонаев «Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын!» деп артына адамдықты алға жетелер аталы сөз қалдырған екен. Ал мен қазақы кейпін жоғалтпаған, ізгілігімен өз бойына сән берген Болат Ажақайұлын сол адамдық қалыпты өмір бойы сақтаған, оған көлеңке түсірмей «баптаған» бірден-бір табанды дүр азамат дер едім.

Сондықтан да, оның ерен есімі Қазақстан Республикасы прокуратура саласының Алтын кітабы мен тарихына жазылғаны осы заң үстемдігін сақтаудағы төккен маңдай тері, күн мен түнді бөлмей еткен еңбегінің жемісі және жеңісі деп танымын! Өйткені басшылары қолдаған, әріптестері мойындаған, шәкірттері үлгі тұтқан, артынан бейсуат сөз ілестірімеген генерал Болат Сембиннің өмірлік және қызметтік философиясының берік темірқазығы – оның өзі ісіне деген кіршіксіз адалдығымен бағаланып, өлшенетіні сөзсіз.

Дүние дәуреннің шапқан аттай өмір көркін тоздырмаған Болат Ажақайұлының бойындағы кейінгі буын жастарға өнеге болар асыл қасиеттердің бірегейі, оның терең энциклопедиялық білімі, өткенді есте сақтау қабілеті, әдебиет пен үкілі өнерге жақындығы және бар жаңалық

пен тағылым-тәрбиенің ордасы мерзімді баспасөзді үзбей оқу дағдысы дер едім.

Жалпы, Болат аға – шын мәнінде өнер қонған текті әулеттің перзенті. Оның аталас әкелерінің бірі кешегі шертпе күйдің шебері атанған Сүгірмен замандас дәулескер күйші Нақып қария болғанын, ал немере ағалары Қабыл мен Дабылдың да қолынан қазақтың қара домбырасының түспегенін және осы үш әйгілі есімнің Қазақ күй антологиясы жинағына кіргенінен-ақ айқын аңғаруға болады.

Бүгінде тұтас бір әулеттің биік Бәйтерегіндей болып отырған Болат аға өзінің артынан ерген бауырларына өрелі істерімен өнеге, жүрек көңілімен қамқор бола білгенін біз өте жақсы білеміз. Қиналғанда қасынан табылатын, қуанғанда жүрек тұсында жүретін қос қарлығаш қарындастары Нұрбибі мен Нұрбала, ізін басып келе жатқан Қанат пен Мұрат, тілін алып, сөзін жерге тастамайтын Талғат пен Қайраттар оның көңіл мақтанышы, артында тұрған тірекері. Бәрі де – жоғары білім алып, басшылық қызметте болған азаматтар. Болат ағамыз – туған топырағы киелі Әулиеата өңірінің, қасиетті Сарысу жұртының шын тілеуқоры, нағыз жанашыры. Ол – туған жерінен ешқашан қол үзбеген бауырмал жан. Оның үстіне ол – кем дегенде жылына бір рет өзі түлеп ұшқан отанына барып қайтады. Бүгінде ел ағасы болып отырған, Сарысу аудандық мәслихатының хатшысы қызметін абыроймен атқарған, ауданның құрметті азаматы Қанат інісі мен Күләй келіннің ыстық ықыластарымен Донда әкеміз жаққан отбасының отын сөндірмей, жарығын өшірмей отырған қарашаңыраққа тәу ету дәстүрінен бір сәтте жаңылмаған азамат. Ұзақ жолы бар керуен көштерді бастаған кешегі ұлы бабалардың таңдайынан шыққан «Бірге тұғанның берік қорғаны бар!» деген ұлағатты сөзі де осындай сүйегі сұлтан, татулығы мен ынтымағы озған, әлеуеті жарасқан әулеттерге арналған шығар?!

Өкініштісі, бүгінде ат жалын тартып азамат болған Асқардай ұлы мен Айжандай аяулы қызының сыыл анасы, мәңгілік серттескен серігі, отыз жыл отасқан жан жары Мәнсия дауасыз дерттен айықпай біраз жылдар бұрын көз жұмғаны ағаның жүрегіне өте ауыр тиді. Сол бір ауыр күндері асыл азаматтың қайғысын бөлісіп, қолтығынан демеген қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, марқұм Мақсұт Нәрікбаев бастаған айтулы азаматтар сыйластықтың өшпес үлгісін көрсетті.

Кісі сыртынан ғайбат айтудан аулақ, өтіріктің «ауылын» сырт айналатын, пейіл-көңілінің терезесі имандылық пен мейірім шуағын төгіп тұрар Болат аға – бүгінде немерелері мен шөберелерінің сүйікті атасы. Бақытты ғұмырларын Алла ұзағынан сүйіндірсін!

Міне, ел жайлаған орталықтан алыстау жатқан алақандай Жайылма ауылынан шыққан бозбала Болат Сембин бүгінде мәртебелі генерал, абыройлы профессор, биік азамат деңгейінде еліне белгілі ел ағаларының биігіне шығып отыр.

Дана халқымызда «Азаматын көріп, елін таны!» деген қанатты сөз бар. Қазақ елінде іргелі істері өнеге мен атқарған адал қызметтері үлгі болар осындай ұлтжанды, отаншыл, мемлекетшіл, ең бастысы, халқын сүйетін, жайсаң азаматтарымыз көп болсын дейміз!

Үмітімізді үкілеп солай боларына сенейік!

Қырғызәлі ТІЛЕУОВ,
Мемлекеттік қызмет ардагері
Астана қаласы

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан бері сексен жылдай уақыт өтсе де, сол қанды қырғынның жүректерге салған жарасы әлі жазылар емес. Қаншама арыстар майданда ерлікпен қаза тапты, «хабарсыз кетті» деген хабарлама ғана алған қаншама жауынгердің туысқандары әлі күнге дейін бауырларының мәңгілік мекендері қайда екендерін де білмей жүр...

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ ЖАҢҒЫРЫҒЫ...

Солардың бірі – соғысқа өзі тіленіп аттанып, қанды шайқаста ерлікпен қаза болған Әбдікәрім Сәрсенбаев еді. Әбдікәрім 1930-жылдардың аяқ кезінде арнайы оқу орнын бітіріп, мұғалім мамандығын алған болатын. Жастайынан жиын-тойдың көркі болған талантты жігіт көркем сөз додасы – айтыстарға да жиі шығып, бағын сынап байқапты. Ел басына күн туған шақта Әбдікәрім де

он 130 мың жауынгері осы шайқаста шейіт болыпты. Солардың бірі – Оңтүстік-Шығыс майданындағы 64-Армияның 36-гвардиялық атқыштар дивизиясының қатардағы жауынгері Әбдікәрім Сәрсенбаев еді.

Әбдікәрімнің туыстары: «Сәрсенбаев Абдукарим – 1915-года рождения. Место рождения: Костанайская область, Тургайский район. село Торгай. Убит смертью храбрых при наступлении высоты 111, 11 января 1943 г.» деген қазанама арқылы



алғашқылардың бірі болып өз еркімен майданға аттанады. Шымыр әрі сауатты жас жігіт Кеңес армиясының таңдаулы әскери құрамаларының бірі саналатын «36-гвардиялық атқыштар дивизиясының» қатарына алынады. Бұл әскери құраманың бейресми атауы – «Сталиннің жеке гвардиясы» екен. Оның құрамына тек әскери дайындығы жақсы жауынгерлер ғана таңдап алынған. Бұған Ресей әскери мұрағатында сақталған: «36-я гвардейская дивизия укомплектована комсомольцами-добровольцами Урала, Сибири, Дальнего Востока и республики Средней Азии, в том числе около 700 курсантов из различных военных училищ Московского военного округа» деген тарихи дерек нақты дәлел болғандай. Сайдың тасындай іріктеп алынған жауынгерлерден жасақталған бұл әскери бөлімге аса жауапты міндетті орындау жүктелуі де – заңды. Осы кезде бүкіл әлем халқы көзін тіккен Сталинград шайқасына Кеңес армиясының таңдаулы әскери бөлімшелерімен қатар 36-гвардиялық атқыштар дивизиясы да аттаныпты. Екі жүз күн мен түнге созылған Сталинград шайқасында жау бір жарым миллион солдат пен офицерінен айырылғаны белгілі. Әрине, бұл жеңіс оңайға түспеді, Ресми ректер бойынша, Қызыл Армияның да бір милли-

майдангердің қашан қаза болғанын білгенімен, оның қайда жерленгені оларға белгісіз болатын.

Шейіт болған жауынгердің немересі Ермек Сәрсенбаев атасы Әбдікәрімнің мәңгілік мекені Волгоград қаласындағы «Мамай қорғаны» бауырластар зиратында екенін анықтап, марқұмның жерленген жеріне зиярат жасап қайтты. «Мамай қорғаны» бауырластар зиратында қазақстандық жауынгерлерге орнатылған ескерткіш-белгі бар.

Жалпы, Қазақстанда жасақталған бес атқыштар дивизиясы, бір – атты әскер дивизиясы, Сталинградты қорғау мен жаудан азат етуге қатынасқан екен. Осы қанды қырғындағы ерен ерлігі үшін қазақстандық үш атқыштар тарихи дерек нақты дәлел болғандай. Сайдың тасындай іріктеп алынған жауынгерлерден жасақталған бұл әскери бөлімге аса жауапты міндетті орындау жүктелуі де – заңды. Осы кезде бүкіл әлем халқы көзін тіккен Сталинград шайқасына Кеңес армиясының таңдаулы әскери бөлімшелерімен қатар 36-гвардиялық атқыштар дивизиясы да аттаныпты. Екі жүз күн мен түнге созылған Сталинград шайқасында жау бір жарым миллион солдат пен офицерінен айырылғаны белгілі. Әрине, бұл жеңіс оңайға түспеді, Ресми ректер бойынша, Қызыл Армияның да бір милли-

«Соғыстың соңғы нүктесі майданда қаза болған ең соңғы жауынгер жерленгенде ғана қойылады» деген екен Наполеон Бонапарт. Демек, өлім мен өмір белдескен қанды қасапта шейіт болған қазақтың бір арысы жайлы тарихтың «ақтаңдақ беті» жойылды деп санауға болатын сияқты...

Қабылахан
СЕЙДАХМЕТ,
Қазақстан
Журналистер
одағының мүшесі

Бұл соғысқа КСРО құрамында болған Қазақ КСР-і тартылғаны белгілі. 1941-1942 жылдары Қазақстанда 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 50-ге жуық жеке полк пен түрлі әскери батальон құрылып, майданға жөнелтілді. Осылардың қатарынан 3 атты дивизия мен 2 атқыштар бригадасы қазақ ұлттық құрамалары ретінде жасақталды.

Ортақ жауға қарсы күреске 1,2 млн қазақстандық шақырылып, 600 мыңдайы ұрыс даласында қаза тауып, 271 мыңы із-түзсіз жоғалып кетті, мыңдаған азамат түрлі жарақатымен елге мүгедек болып оралды. Ал соғыс қимылдары барысында тұтқынға түскен қазақстандықтар саны әлі толық анықталмады.

Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршиннің пайымдауына қарағанда, біздің республикамызда осы сұрапыл соғыста хабарсыз кеткен жерлерімізді іздестіру осы күнге дейін жүйелі түрде жүргізілмей келеді. Бұл жұмыстармен тек үкіметтік емес ұйымдар, жекелеген отаншыл азаматтар ғана айналысуда. Мысалы, «Атамның аманаты» қоғамдық ұйымының арқасында 1500 қазақстандық жауынгердің жерленген жері, майдандағы тағдыры, жауынгерлік жолы анықталған.

Қазақстанның өткен және қазіргі замандағы әскери тарихында сыры ашылмай жатқан «ақтандықтар» жеткілікті. Солардың бірі – 1941 жылы Ақмолада жасақталып, 1942 жылы «Харьков қырғынына» түсіп жойылып кеткен 106-қазақ кавалерия дивизиясының тағдыры. Ресейде, Украинада жарияланған еңбектерде «Харьков қырғыны» туралы өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап молынан жазылса да, қазақстандық 106-дивизия туралы айтылмайды.

КСРО құлағаннан кейін 106-қазақ дивизиясы құрамында соғысқа аттанғандардың ұрпақтары, туған-туысқандары Ресей және Қазақстан архивтеріне, қорғаныс министрлігіне сұрау сала бастады. Оларға үкіметтік емес ұйымдар, жекелеген азаматтар да қолдау көрсетті.

Украинаның Харьков қаласында тұратын қазақ қызы Макка Қаражанова мен украиналық тарихшы Татьяна Крупа бастаған харьковтық іздеушілер жұмысының нәтижесінде архив деректері мен украиналық қарт тұрғындармен кездесулер кезіндегі алынған ауызша мәліметтер негізінде Харьков облысы аумағындағы шайқаста қоршауда қалып жойылып кеткен 106-қазақ кавалерия дивизиясының 200 жауынгерлерінің жерленген жерлері табылды.

2010 жылы Астана қалалық Архив және құжаттама басқармасы мен Л.Гумилев атындағы Еуразия университеті ғалымдары бірлесіп шығарған «Акмолинцы – на фронте и в тылу» атты құжаттар жинағында алғаш рет осы дивизияға қатысты бірқатар дерек, фотосурет жарияланды.

Украинаның Харьков қаласында тұратын қазақтардың жерлестік ұйымының басшысы Макка Қаражанованың харьковтық тарихшылар, архив, музей қызметкерлерімен бірлескен ізденістері нәтижесінде бірқатар мәлімет табады және олар қазақстандық ақпарат құралдарында жарияланады.

Харьковтық зерттеушілерге өздерінің ізденістерімен Қазақстандағы осы дивизияда болған жауынгерлердің ұрпақтары – Бәткен Капажанова, Қанат Құлмағанбетов, саяси жетекші болған Шайқы Қалғынбаевтың қызы және журналистер – Сұлтан-хан Аққұлұлы (қазір белгілі алаштанушы ғалым), Д.Исгатов, Альбина Ахметова, т. б. көмектесті.

ТАҒЫ ДА «ЖОҒАЛҒАН ДИВИЗИЯ» ТУРАЛЫ...

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 1941 жылы 22 маусымда басталған кеңес-герман соғысына қатысты жазбасында: «Осыдан 80 жыл бұрын дәл осы күні Ұлы Отан соғысы басталды. Қазақстаннан аттанған әрбір екі жауынгердің бірі тарихтағы ең қанды соғыстың майданында қаза тапты. Олардың ғажайып ерлігі халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Мұндай қасіретке ешқашан жол бермеу – барша адамзаттың міндеті» деген еді Twitter-парақшасында.



1941 жылдың қараша-желтоқсан айларында Ақмолада жасақталған 106-дивизия бірнеше ай әскери жаттығулар өткізіп, 1942 жылы 23 наурыздан бастап бірнеше эшелонға тиіліп, кезек-кезеңмен майданға аттандырылды. Харьков маңындағы Савинцы станциясына соңғы онының эшелон 12 мамырда келіп түскен.

Қазақстандық архив деректерінде 106-дивизия майданға аттанғанда 4175 адам, олардың 356-сы – командалық құрам, 558-і – кіші командирлер, ал қатардағы жауынгерлері 3291 екені, 61 миномет, 110 винтовка, 3100 қылышпен қаруланғаны және дивизияға 3180 бас ат берілгені көрсетілген. Дивизияның 90 пайызын Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарынан мобилизацияланған жауынгерлер құрады. Дивизия жауынгерлері майданға бір полкінен басқасы қысқы тон және пима киіп аттанған, бірақ барар жеріне жеткен соң жаздық әскери формаға ауыстырылған болуы керек.

Солтүстік Қазақстан облысының тұмасы Нұрхан Сейітов соғыс басталғанда Жеңіл және тамақ өнеркәсібі халық комиссары қызметінде жүргенде әскерге шақырылып, 106-дивизияның комиссары болып тағайындалды. Дивизияның саяси бөлімінің бастығы болып Ақмола облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Сағадат Мендіғожаұлы Құлмағанбетов бекітіледі. Ол мамыр айындағы шайқаста қаза табады.

Дивизия командирлігіне майор Б.Панков тағайындалғанмен, Украинаға жетіп дивизия таратылғанда, басқа әскери құрамаға жіберіліп, мамыр-маусым айындағы «Харьков қырғынына» аман қалды. Ол генерал-майор шенімен Кеңес Одағының Батыры атағына ие болып, соғыстан кейін де армияда қызмет етті.

Аталған құжаттар жинағында 106-дивизияның ұрысқа қай жерде, қандай құраммен, қарумен, қандай күшпен қалай қатысуы және кейінгі тағдыры

туралы мәлімет болмады. Тек 2000 жылдардың басынан бастап ақпарат құралдарында аздаған мәлімет жарық көре бастады.

Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы туралы 2015 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары шығарған құжаттар жинағында жоғалған дивизия туралы аздаған мәлімет берілді.

2020 жылы алғаш рет Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының профессоры Қайдар Алдажұманов «1942 жылғы Харьков қырғыны және 106-қазақ кавалерия дивизиясы» деген архив құжаттарына негізделген зерттеу мақаласын жариялады.

Соғыстың аяқталғанына 79 жылдай уақыт өтсе де, тұтас бір дивизияның тағдыры туралы ауық-ауық аздаған дерек жарияланғанмен жүйелі, нақты бір тарихи зерттеу жазылмай келеді. Мұның бірқатар себебі бар.

Біріншіден, Кеңес Одағы кезінде бұл «жабық тақырып» болды. Кеңестік дәуірде М.Қозыбаев, Т.Балақаев, Қ.Алдажұманов тәрізді кәсіби тарихшылар өз еңбектерінде жоғалған дивизия туралы кейбір деректер келтіріп, терендей зерттеуге рұқсат етілмеді. Ресейлік тарихшы ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, Кеңес Одағы әскери басшыларының осы дивизия қатысқан Оңтүстік-Батыс майдан командованиясінің (маршалдар Тимошенко, Малиновский және Оңтүстік-Батыс майдан әскери советінің мүшесі Н.Хрущев) Харьков түбіндегі операцияны әзірлеп, ұйымдастырып, өткізудегі қателіктері мен кемшіліктері және жау қоршауына түскен армияларды құтқаруда дәрменсіздік танытуы Ұлы Жеңіске «көлеңке түсіретін» болғандықтан (әсіресе КСРО-ны 1953-1964 жылдары Н.Хрущев басқарған уақытта), «жариялауға жатпайтын құпиялар» қатарына қосылды.

Екіншіден, осы дивизия штабының құжаттары герман командованиясінің қолына түскендіктен, Ресей Федерациясы мен Қазақстан зерттеушілері үшін дивизия туралы құжаттар қолжетімсіз болды.

Үшіншіден, осы дивизияның бірнеше жауынгерінің фашистік концлагерь азыбынан құтылып, жан сақтау үшін «Түркістан легионы» қатарына кіріп, Кеңес Одағына қарсы күреске қатысқаны да себеп болды.

Төртіншіден, 1942 жылы көктемде Харьков түбіне жеткізілген 106-қазақ кавалерия дивизиясының таратылып, 6-кавалериялық корпусның 26, 28, 49-кавалериялық дивизиялары құрамын толықтыру үшін таратылып берілуі әсер етті. Бұл әрекет сол уақыттағы әскери қажеттіліктен туындады. Тарихшы ғалым Қ.Алдажұмановтің пікірінше, ауыр шайқастар салдарынан қатары селдірейтін 106-қазақ дивизиясын тез арада қазақ ұлты өкілдерімен қайта толықтырып отыруға мүмкіндік болмайтын еді. Өйткені сол кезде Қазақстанда әскери дайындықтан өтіп, майданға дайын тұрған әскерге жарамды қазақ азаматтары жоқ болатын.

Зерттеушілер дерегі бойынша бұл дивизияны таратып, полктерін 1942 жылы қаңтар айындағы шайқастарда әлсіреп, қатары сиреген 6-кавалериялық корпустың 26, 28 және 49-кавалериялық дивизиялары құрамына қосып, құрамдарын толықтырады. 1942 жылдың қаңтар айында Барвенково-Лозовская әскери операциясы кезінде Оңтүстік Батыс және Оңтүстік майдандардың әскерлері 100 шақырымдық кеңістікте шабуылға шығып, 90-100 шақырым жау шебіне сұғына кіріп, формасы доға тәрізді плацдарм жасаған болатын. Бұл жағдай шайқасушы екі жақ үшін де қолайсыздау жағдай болды.

12 мамырда Оңтүстік-Батыс майдан командованиясі С.Тимошенко мен әскери совет мүшесі Н.Хрущев осы плацдармнан Красноград және Харьковтің солтүстігіне қарай шабуылды өрістетіп, Харьковті, одан әрі Киевті азат етуге бағытталған әскери операцияны бастайды. Шығыс жақтан шабуылдаушы

майданның қауіпсіздігін Малиновский басқаратын Оңтүстік майдан қамтамасыз етуге тиісті болды. 106-дивизия жауынгерлері басқа дивизиялар құрамында Харьков облысының Красноград (Червоноград) қаласын қоршауға алуға қатысады. Осы қала маңында сол кезде фельдмаршал Паулос штабы орналасыпты.

Оңтүстік-Батыс майданға қарасты 6-кавалериялық корпус 7-танк бригадасымен бірлесіп шабуылды сәтті бастап, алғашқы жеңістерге жеткенмен, одан әрі шабуылды өрістете алмай, тоқтап қалады. Герман командованиясі Оңтүстік-Батыс майдан әскеріне шығыс жақтан соққы беріп, қоршауға ала бастайды. Тарихшылар мұны кеңестік майдан басшыларының жау әскері күшінің қауқарын, жоспарларын, орналасуын бағамдауда қателіктер жібергені салдарынан болғанын көрсетеді.

Сонымен қатар алыс қашықтыққа ұласқан шабуыл барысында танктерге құятын жағармай таусылады, әскер бөлімдеріне оқ-дәрі, снаряд, қару-жарақ, азық-түлік уақытында жеткізілмей қалады. Шабуыл кезінде осылармен жабдықтайтын тыл бөлімдері алыста қалып қояды. Ауыр шайқастар барысында Оңтүстік-Батыс майдан, оның құрамындағы кавалериялық корпус пен танк бригадасының майданның басқа участоктеріндегі құрамалармен байланысы нашарлап, қолдау болмай, жау қоршауына («котель») түседі.

Сөйтіп 1942 жылғы «Харьков қырғынында» кеңестік үш армия қоршауда қалып, 242 мың кеңес жауынгері тұтқынға түседі (салыстыру үшін: 1943 жылы Сталинград түбіндегі шайқаста Қызыл Армия неміс-фашистердің 300 мыңдық әскерін қоршауға алып, 91 мыңын тұтқынға алған).

Тағдырдың жазуымен осылайша «Харьков қырғынына» 106-қазақ кавалериялық дивизиясының 4 мыңнан аса жауынгері де тап болды. Осы трагедия бір айдай уақыттың арасында өтті. Кеңестік әскери басшылықтың сәтсіз ұйымдастырған соғыс операциясы салдарынан жау әскері тез арада Волга бойындағы Сталинград қаласына жетті.

Әлеуметтік желіде «Дивизиядағы қазақтың атты жауын-

келіп жеткенде 106-дивизияны қабылдау, жабдықтауға, т. б. қатысты штаб құжаттары жау қолына түскендіктен, болашақта қазақстандық зерттеуші ғалымдар Германия архивтерінен іздейтін болар және біраз шындықтың беті сол кезде ашылар.

Еліміздің танымал тарихшыларының бірі профессор Бүркітбай Аяған биыл Германияда іссапармен болғанында Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына қатысты архив қызметкерлерімен, неміс тарихшы ғалымдарымен жолығып сөйлескенде, Орта Азия мен Қазақстаннан Қызыл Армияға мобилизацияланғандар туралы зерттелмей жатқан деректер кездесетінін біліпті.

Дивизия жауынгерлері неміс-фашистеріне қарсы ерлікпен шайқасып, негізгі бөлігі қаза тапты, сонымен қатар қоршауда қалып, тұтқынға түскендері де, із-түзсіз хабарсыз кеткендері де бар. Тұтқын болғаны үшін кеңестік заңмен сотталғандары да бар.

«Харьков қырғынына» аман қалған 106-дивизияның бір жауынгері табылып, журналистер 2011 жылы 102 жастағы Садық Түменбаевтың естелігін жазып алады. Украина жеріндегі фашистер лагерінен 1943 жылы С.Түменбаев ақмолалық Байыз Ысқақов екеуі қашып шығып, Қызыл Армия қатарына келіп қосылғанмен, кеңестік билік «опасыздар» ретінде соттап, Воркута лагеріне жібереді. С.Түменбаев ауруға шалдыққандықтан, 1953 жылы оны лагерден босатады. Елге оралып, үйленіп, бес балалы болып, тыныш өмір сүреді.

Журналистің: «Жастарға қандай тілек айтасыз?» деген сауалына адам төзгісіз қиындықтарды көріп, кеңестік билік тарапынан әділетсіздік құрбаны болса да ақсақал: «Отанды сүйіндер, халыққа қызмет етіндер және адамгершілік қасиеттеріңді сақтаңдар!» деп кейінгі ұрпаққа үлгі болатын ұлағатты өсиет айтты. Кейінгі ұрпақ Екінші жаһан соғысы жылдарында ортақ отанды қорғау жолында аға ұрпақ өкілдері тағдырында жеңісті жылдармен бірге ауыр, азапты, тағылым алатын кезеңдері, оқиғалары болғанын да білуі керек.

Қазіргі жастар әр облыста шыққан «Боздақтар» кітабынан, «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігінің сайтынан, Ресей мен Украина сайттарынан, осы дивизия жауынгерлерінің бүгінгі ұрпақтарынан мәлімет іздестіруге ниет танытса дұрыс болар еді.

М.Қаражанованың сайтындағы 106-қазақ кавалерия дивизиясының жауынгерлері

ОРТАҚ ЖАУҒА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ 1,2 МЛН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ШАҚЫРЫЛЫП, 600 МЫҢДАЙЫ ҰРЫС ДАЛАСЫНДА ҚАЗА ТАУЫП, 271 МЫҢЫ ІЗ-ТҮЗСІЗ ЖОҒАЛЫП КЕТТІ, МЫҢДАҒАН АЗАМАТ ТҮРЛІ ЖАРАҚАТЫМЕН ЕЛГЕ МҮГЕДЕК БОЛЫП ОРАЛДЫ. АЛ СОҒЫС ҚИМЫЛДАРЫ БАРЫСЫНДА ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР САНЫ ӘЛІ ТОЛЫҚ АНЫҚТАЛМАДЫ

герлері жалаң қылышпен жау танкілеріне қарсы шауып, бәрі мерт болды», «Мамыр айында шайқасқа қысқы тон мен пима киіп қатысты» деген пікірлермен келісу қиын.

Танктерге қарсы қылышпен қаруланған атты жауынгерлерді шабуылға шығаруға ешқандай командир бармайтыны белгілі. Дивизия Ақмоладан темір жолмен аттанғанда, 4 мың жауынгерде 110-ақ винтовканың болуын, әскери мамандар бұл қарулардың жол бойында қарауыл қызметі, эшелонды және орналасқан жеріндегі қару мен азық-түлік, т. б. қорғау үшін бөлінгені деп түсіндіреді. Украина жеріне

тізімінен олардың әскерге шақырылған жерлері арқылы солардың туған-туыстарын, таныстарын іздестіріп, соғысқа дейінгі өмірін, еңбегін зерттеуге қатысса, ұлтмыздың әскери тарихын зерттеуге, Президент тапсырмасымен кеңестік заманда жазықсыз жазаланғандарды ақтау туралы комиссия жұмысына септігін тигізеді еді. Сонымен бірге ұлттық санамызда тарихи жадыны жаңғыртуға үлесін қосар еді.

Дүйсен СЕЙІТҚАЛИ,
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Индира
БЕРЖАНОВА

Бас қала келбетіне көрік беріп, елорда орталығында орын тепкен көк күмбезді ғимарат әр кез өзінше менмұдалап тұрады. Жан-жағы әскери техниканың түр-түрімен қоршалып, оған кез келгеннің қызыға қарайтыны сөзсіз. Музей 2015 жылдың 1 желтоқсанында ашылды. Араға уақыт салып, бүгінде елдік пен ерліктің шежіресі жинақталған, Ұлы даланы аманатқа қалдырған бабалардың жауынгерлік дәстүрін жалғауға жол ашатын бірегей орталыққа айналып отыр. Кіреберістен-ақ тарихқа терең бойлататын музейде бізді экскурсия жүргізушісі Ұлмекен Кабдушева жылы қарсы алды. Қазақтың пайда болуынан бастап, қазіргі қуатты мемлекет атанған еліміздің жылдар бойғы жемісі көрініс тауып, биіктігі жеті метрлік кіреберістің қос қаптал қабырғасы картиналармен көмкерілген. Мұндағы көрініс екі бөлімге бөлінеді. Бірі ежелгі дәуірден сыр шертіп, сонау сақ-ғұн тайпаларынан бастау алып, Түрік қағанатына жалғасып, Қазақ хандығына ұласса, екіншісі Ұлы Отан соғысының батырлары мен бүгінгі бейбіт күннің тыныштығын қорғаған айбынды әскер бейнесімен рухты. Одан әрі ішке өтіп, ауқымы алып «Мәңгілік ел» атриумын тамашаладық. Атриум айналасы 14 батырмен қоршалған, көне заманнан бүгінге сатылап өтуге арналғандай. Мәрмәрмен көмкерілген атриум – музейдің барлық бөлігіне жол бастайтын негізгі дінгек. Одан әрі бірінші қабаттағы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің залы» төл әскерімізге, тәуелсіз Қазақстан әскерінің тарихына, жетістіктеріне, қазіргі әлеуеті мен қорғаныс саласын басқарған тұлғаларымыздың өміріне арналыпты. Мұнда «Қара майор» атанған Ауған соғысының ардагері Борис Керімбаев пен қазақтың шыққан тұңғыш генерал Жансен Кереевке арналған бұрыштарда олардың жеке заттары тұр. Сондай-ақ залдан Құрлық әскері, Әскери-теңіз күштері, Әуе қорғаныс күштері, Қарулы күштердің күш-қуаты туралы кеңірек хабардар боласыз.

Мұражайдың екінші бөлімі – «Көне заман: XIX ғасыр» қазақ елін мекен еткен тайпалардың алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінен бастап, орта ғасыр және Қазақ хандығына дейінгі кеңістікті қамтиды. Бұл залдағы түпнұсқа жәдігерлердің басым бөлігі – археология ісінің білгірі, профессор Зейнолла Самашевтің еңбегі. Мұнда көне дәуір күмбесінен қалған ат үзегілері, бес қаруы сайланған ежелгі жауынгерлер мүсіні, қанжығалы Бөгенбай батыр дулығасының түпнұсқасы тұр. Жәдігерді музейге батыр ұрпақтары табыстаған екен. Екінші бөлім



Сұлтан СЕЙІТ

АЙБЫН МЕН АЙБАР АСҚАҚТАҒАН

Ғасырлар бойы елдіктің туын жықпаған бабалар жорығының жылнамасы, айтулы кезеңдердің санаулы жәдігерлері, кеше мен бүгіннің сабақтастығы – қазіргі ұрпаққа рухани азық. Осындай айрықша сипаты бар мәдени ошақ – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Мемлекеттік әскери-тарихи музейіне арнайы барған едік.



– «XX ғасырдағы әскери тарих залында» Алашорда автономды мемлекеттік құрылымының қызметі, Ұлы Отан соғысына қатысты жәдігерлер қойылыпты. Бауыржан Момышұлы, Хиуаз Доспанова, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев және Сағадат Нұрмағамбетовтің жеке істерінің түпнұсқалары мен Роза Бағланова көйлегінің де түпнұсқасын көрдік. Атақты Кеңес Одағы Батыры, генерал-майор И.Панфиловтың қалта сағаты

және партия билетінің сыртқы қабы соғыс экспозициясын толықтырып тұр. Ел шегіне жау тигенде, азаматтармен бірге майдан даласына өзі сұранып аттанған Мәдина Ысқақованың ерлігі ескерілмей қалмады. Қазақтың батыр қызы үш мәрте Кеңес Одағының Батыры, даңқты ұшқыш Иван Кожедубтың бортмеханигі болған. Мәдина Ысқақова Ақмола облысының Саңдықтау ауданына қарасты Зверевка елді мекенінде дүниеге

келген. Экскурсия жүргізушісі Ұлмекен Кабдушева ерекше тоқталған дүние – батыр қыздың жасы жетпей 18 жасында майдан шебіне аттана алмауы. Кейін ол өз төлқұжатын 21 жасқа ауыстырып, соғысқа аттанған көрінеді. Сол төлқұжат музейде сақтаулы. Залдың ортасына мәңгілік алау голограммасы қойылып, орталық экрандарда Екінші дүниежүзілік соғыста қаза болған жауынгерлер жайлы қысқаша мағлұмат беретін электрондық



Райхан
РАХМЕТОВА

ЕСКЕРТКІШТЕР ЕРЛІКТЕН СЫР ШЕРТЕДІ

Елордада Ұлы Отан соғысының батырларына арналған ескерткіштер көбіне оң жағалауда орналасқан. Солардың бірі – Астана қаласындағы монументалды кешен Жеңіс даңғылы бойынан 1995 жылы ашылған Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне ескерткіші. Қола, граниттен жасалған ескерткіште осы соғысқа қатысқан ақмолалық жауынгерлердің бейнесі сомдалған. Композиция авторлары – мүсінші Валерий Пирожков, сәулетші Василий Тоскин. Қоладан жасалған тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіш Қазақ ұлттық өнер университеті жанында орналасқан. Мүсіндердің артындағы гранит қабырғада жан-жағынан «Айбынды жауынгер жерлестеріміздің ерлігіне арналады. 1941-1945. Мужество и доблести воинов-земляков посвящается», ал ортада «Майданға аттанған 9783 әскерлердің 7414-і Отан үшін жан қиды» деген жазулар жазылған. Ел ішінде «Екі жауынгер» деп аталатын ескерткішке 2015 жылы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында реставрациялық жұмыстар жүргізіліп, оның айналасы гүлзарға айналдырылды. Бөгенбай батыр және Жеңіс көшелерінің қиылысындағы гүлзардың ашылуы сол жылы салтанатты түрде атап өтілді.

«Отан қорғаушылар» мемориалы, «Отан-Ана» монументі 2001 жылы 9 мамырда Тәуелсіздік даңғылы мен Қ.Мұңайтпасов көшесінің қиылысындағы алаңда тұрғызылды. Мемориалдық кешеннің монументалды композициясы Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың бірлігін білдіретін масақ бау түріндегі қола стела мен бірлікке, келісімге шақыратын Отан-Ана бейнесінен тұрады. «Отан қорғаушылар» мемориалы символикалық мазмұны кешегі

Бұрын болған маңызды оқиғалар мен белгілі тұлғаларды есте қалдыру үшін қойылған тарихи және мәдени ескерткіштер саны елордада жүзге жуықтайды. Олар астана имиджін әлемге танытуда үлкен рөл атқарады. Соның ішінде II дүниежүзілік соғыстағы жеңіс күніне орай осы майданның батырларына арнап тұрғызылған ескерткіштер – ерлік пен отансүйгіштіктің ерекше үлгілеріне қойылған белгі деуге болады.

мен бүгінгі, ертеңгі ұрпақтар жалғастығын білдіреді. «Отан қорғаушылар» мемориалының өзегі биіктігі – 37,5 метр, салмағы 63 тонналық алып монумент – ана бейнесі. Ақ кимешекті әйел-ана алтындағылған зерлі кесесіне ақ құйып, оны ұлттық дәстүрге толы көңілімен, келе жатқандарға қос қолдап ұсынуда. Сондай-ақ соғысқа аттанған жарын, алысқа кеткен ұл-қыздарын алаңдай күтіп тұрған ананың бейнесінен бүкіл қазақ әйеліне тән ұлттық болмыс-бітім аңғарылады. Бұл – қаһарлы соғыс жылдары майданда елінің бостандығы үшін мерт болған жауынгерлер мен арамдыда өнеге көрсетіп жүрген соғыс ардагерлеріне деген ерекше құрмет ескерткіші. Үш бөліктен тұратын кешеннің қандай ой-мақсатты білдіретіндігі түсіндірілген шығармашылық топ М.Әлиақпаров, мүсінші Ю. Баймұқашев пен архитектор, сәулетші, суретшілер Б.Тайталиев, Т.Баймырза, Е.Шахиев, Е.Ержанов, А.Бексұлтанов, Н.Конапольев, А.Курицындер мемориалдың сәулеттік-көркемдік композициясын ойдағыдай іске асырды.

Қазақтың батыр қызы, соғыста ерлікпен қаза тапқан Әлия Молдағұловаға арналған ескерткіш 2008 жылы Астананың 10 жылдығына орай Жеңіс және Ә.Молдағұлова көшелерінің қиылысына орнатылды. Ер-

лігі елге аңыз болған қайсар қыздың қоладан жасалған, биіктігі 3,8 метр ескерткіші аграрлық университет жанында тұр. Екі жағынан барельеф орнатылған (30,66x2,4 метр): сол жақ жартысында ұлы дала бейнесі, көшпенділер рухы бейнеленген, Құрманғазы мен Абылай хан көрсетілген, оң жағында 1916 жылғы отаршылдыққа қарсы көтерілістен бастап көптеген қайғы-қасірет әкелген Ұлы Отан соғысын, халқымызды жан-жаққа шашыратқан көріністер ашық бейнеленген. Бұл Ақтөбе облысының Астанаға жасаған тартуы болды. Авторы – мүсінші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, доцент Әбішев Бақытжан.

Кеңес Одағының Батыры, әйгілі қолбасшы Бауыржан Момышұлының ескерткіші де Астана қаласында 2008 жылы ашылды. Өзінің атындағы даңғылда бой көтерген ескерткішті қаланың туған күніне орай Жамбыл облысы тарту етті. Мүсіншісі – Темірхан Қолжігіт, сәулетшісі – Бақытжан Сыздықов.

Ескерткіштің жанында Бауыржан Момышұлы атындағы саябақ орналасқан. Қызыл граниттен жасалған биік тұғырға қондырылған баһадүрдің сұсты да сом тұлғасының биіктігі 4 метрден асады. Айналасын саялы бақ, гүлзарлар көмкерген батыр ескерткіші жанында жастардың Отанға деген патриоттық сезімін арттыруға бағытталған іс-шаралар көптеп ұйымдастырылады. Ұлы тұлға, айбынды жауынгер, философ-интернационалист жазушы, екінші шешуші дүниежүзілік соғыс батырының ескерткіші өскелең ұрпақ бойына күш пен жігер беретін бейнені көрсетіп тұр.

Астана қаласында Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Иван Васильевич Панфиловқа арналған ескерткіш 2015 жылы «Жерұйық» саябағында ашылды. Қола мен граниттен жасалған ескерткіштің биіктігі – 2,5 метр. Авторы – мүсінші Ренат Әбенев. Ескерткіш ортасында гүл шоқтарын қоюға арналған тақта бар. Шығыс бетінде Мәскеуді қорғауда

ерлікпен қаза тапқан 28 жауынгер-панфиловшылардың естелік-тақтасы орнатылған. Сондай-ақ батырдың Алтын Жұлдыз медалі бекітілген 28 стела жасалған. Бұл ескерткіш – тек Иван Панфиловқа ғана қойылған ескерткіш емес, ол фашизмге қарсы шайқасқа қатысқан қазақстандықтарға және сол шайқас алаңында қаза болғандар мен сұрапыл соғыстан қайтып келіп, еліміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқандарға деген мәңгілік құрмет белгісі. Себебі генерал-майор Иван Панфилов басшылық еткен 316-атқыштар дивизиясы 1941 жылы жазда Алматыда құрылған. Оның құрамы Қазақстан мен Қырғызстаннан әскерге шақырылған азаматтардан жасақталған.

Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаев ескерткіші елордада 2016 жылдың қазан айында ашылды. Қола, граниттен жасалған, биіктігі 11 метрлік ескерткіш Р.Қошқарбаев және Б.Момышұлы даңғылдары қиылысында орналасқан. Жобаға сәйкес, мүсіндік композицияның биіктігі – 6 метр, ал гранит тұғырдың биіктігі – 4,5 метр. Қоладан құйылған туындының авторы – «Қазақ елі» монументін жасауға қатысқан белгілі мүсінші Асқар Нартов. Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында аты аңызға айналған нағыз жауынгерге арнап ескерткіштің ашылуы оның есімін өскелең ұрпақтың жадында ерліктің символы ретінде сақтау үшін орнатылды.

Әйгілі жауынгер қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметоваға арналған ескерткіш 2018 жылы Жеңіс даңғылы бойындағы «Ақжайық» саябағында ашылды. Батыр қыздың ескерткіші – 3,6 метрлік,

тұғырымен қосқанда биіктігі 6 метрден асады. Қола мен граниттен жасалған ескерткішті 2018 жылы Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай Батыс Қазақстан облысы тарту етті. Авторы – мүсінші Мұрат Мансұров. Мүсіндерді есептемегенде, бұл – осымен Мәншүктің бесінші ескерткіші. Айналасында халық келіп, демалатын арнайы сквер бар. Ол алаңқайға орындықтар орнатып, абаттандырылған. Мәншүктің бұдан бұрын орнатылған ескерткіштерінде Максим пулеметі қоса бейнеленсе, бұл жолы ол элемент жоқ. Яғни, батыр қыз желбегей жамылған шинелін қос қолымен қымтап, оң аяғын сәл алға басып ойланyp тұр.

Кеңес Одағының екі мәрте батыры, әйгілі ұшқыш Талғат Бигелдинов ескерткіші 2021 жылы Сарыарқа даңғылы бойында батырдың өз атындағы көшемен қиылысқан жеріне қойылды. Қола, граниттен жасалған ескерткіштің мүсіншісі – Нұрлан Далбай, сәулетшісі – Расул Сатыбалдиев. Соғыста ерен ерлік пен батылдықтың, кәсіби шеберлік пен Отанға адалдықтың үлгісін көрсеткен Т.Бигелдинов ИЛ-2 шабуылдаушы ұшағымен 305 рет ұшып, сол 500 сағаттық ұшу кезінде жауапты тапсырмаларды бұлжытпай орындады. Елордада әйгілі ұшқышқа ескерткіштің ашылуы алапат майданда ерлікпен шайқасып, тылда жеңісті жақымдатқан ардагерлерге құрмет көрсетіп, олардың ерлік жолын мәңгі есте сақтайтын ұрпақ сабақтастығын көрсетеді.



Иманғожа ата мен Кәбира әкеміздің бес қызы бір төбеде, жалғыз ұлы Бәйкен әкеміз бен Тоты анамыз – бір төбе. Олардың елге сіңірген еңбегін, ұрпағына тәлім еткен тәрбиесін, ағайынға жасаған қамқорлығын бір ауыз сөзбен түйіндеу мүмкін емес. Дегенмен рет-ретімен баяндайық.

1924 жылғы 20 мамырда Көкшетау ауданындағы Қарлықөл елді мекенінде Бәйкен Иманғожаұлы өмірге келді. Бұл кезеңде қазақ даласында кеңес өкіметінің алғашқы нышандары: жер өңдеу серіктестіктері, артельдер мен «қызыл отаулар» құрылып жатқан-ды.

Жастайынан білімге құштар болған әкеміз Қарлықөлдегі бастауыш, Әлжандағы орта мектептің 9 класын үздік бітірді. Сапалы білім алуға ынта-ықылас танытумен бірге, жастардың ауылдағы игілікті істерге араласуына мұрындық болды. Өз ортасында беделді, белсенді Бәйкенді 16 жасында Павловка ауылдық кеңесінің хатшысы етіп сайлады. Жауапты басшы ретінде ауылдастарын ортақ іске ұйыстырып, тың бастамаларға ұйытқы болды. Бірақ елдің шырқын соғыс бұзды.

1942 жылы ауыл азаматтарымен бірге әкеміз майданға аттанып, Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр шайқастарын Беларусь майданындағы 287-атқыштар дивизиясы 866-атқыштар полкының құрамында өткізді. Бір шайқаста мұз құрсаңға батпаққа бір тәуліктей кептеліп қалады. Госпитальда жатып емделгеннен, сауыға қоймады. Әрі қарай ұрыс жүргізуге қабілетті болмай, 1944 жылы елге оралды. Жалғыз ұлы Бәйкеннің денсаулығына

ИМАНҒОЖА ӘУЛЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ

Халық – бәрінің барометрі. Адамның жақсылығын өлшеп, өзгелерге үлгі етеді. «Көптің бағасы – көптің ықыласы» дейтіні содан. Әкеміз Бәйкен Иманғожаұлы көпке қамқор, ағайынға тірек болған азамат еді.



алаңдаған Иманғожа атамиз борсықтың майымен және қымызбен емдейді. Шипа қонып, сауығып кетеді.

Фашист басқыншыларға қарсы соғыста батылдық пен табандылық танытқан Бәйкен Иманғожин I дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды. Одан бөлек, «Германияны жеңгені үшін», «Соғыстағы қажырлы еңбегі үшін» және

тағы басқа мерейтойлық медалімен марапатталды. Бейбіт өмірдегі жетістігі үшін алған наградасының қатарында «Үздік еңбегі үшін», «Қажырлы еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медалі, «Социалистік жарыс жеңімпазы» төсбелгісі бар.

«Наградларыңызды неге тағып жүрмейсіз?» дегенімізде, әкеміз: «Медальді тағып жүру

мақтан емес. Мен елімді жаудан қорғап, азаматтық борышымды өтедім» деп жауап беретін. Бүгінде әкеміздің көзіндей болған медаль-ордендерді отбасы архивінде құнды жәдігердей сақтап жүрміз.

1944 жылы соғыстан оралған әкеміз Қарлықөл мен Пахарьда бригадир, агроном, зоотехник болып жұмыс істеді. Уақытпен санаспай еңбек етіп, ісі оңға

басып, шаруашылықтағы өндіріс көрсеткіші артып, адамдардың тұрмыс деңгейі жақсара бастады. Кіндік қаны тамған елді өркендету ісіне ерекше ықылас танытып, жанашырлықпен кіріседі. Аз уақыт Куйбышев колхозының төрағасы болып жұмыс істегенде ағайындармен қоғамдасып, біраз шаруа атқарады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде тұрғын үйлер көптеп салынып, жаңа тракторлар, комбайндар келіп, ауылдардың тыныс-тіршілігіне рең кірді. Білікті маман Бәйкен әкеміз өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, жоғары сортты бидайдың өнімділігін арттыруда топырақты агротехникалық талапқа сай өңдеуді, сондай-ақ мал тұқымын асылдандырып, мемлекетке тапсыратын ет-сүт өнімін молайтуда белсенділік танытты. Әсіресе №3 бөлімшеде басқарушы болғанда бұл жұмыспен мықтап айналысып, басқаларға өнеге көрсетті.

Іргелі істерді сапалы атқарып, уақыт талабына жауап беру үшін білім алу маңызды еді. Осыны терең түсінген Бәйкен Иманғожин теориялық білімі мен практикалық білігін ұштастырып дамытуды мақсат етіп, өндірістен қол үзбей жүріп, Петропавлдағы колхоз төрағаларын даярлайтын техникумда, Көкшетау мемлекеттік тәжірибе станциясының техникумында, Целиноград ауыл шаруашылығы институтында білімін шыңдады.

1971 жылы Бұлақ селолық кеңесінің төрағасы болып сайланды. Кеңестің құрамына Еленовка, Қарлықөл, Пахарь, Жылымды, Ақан, Уголки, Баратай, Жанауыл ауылымен бірге Қарағай астық қабылдау кәсіпорны кірді. 13 жыл селолық кеңес төрағасы болған уақытта елдің тұрмыс деңгейі көтеріліп, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық деңгейі өсті.

Бәйкен әкеміз бауыры Мұқашқа қамқорлық танытып, бәрінен жоғары ұстайтын. Әрбір ауылдасын құрмет тұтып, әсіресе, қарттарға, жалғызбасты әйелдерге ерекше көңіл бөліп, көмегін аямады.

Отбасымызда тоғыз қыз, бір ұл телелес өстік. Анамыз бізді үйдегі, түздегі жұмысқа араластырып, еңбекпен шыңдады. Оның еңбегі лайықты бағаланып, I, II, III дәрежелі «Ана даңқы» ордені, «Медаль материнства» төсбелгісін алды.

Үлкеніміз Күлжиян – ұлағаты ұстаз. Красный Яр селосында оқып, №2 мектептің директоры болды. Одан кейінгі Айман, Шолпан, Алма медицинаны таңдап, денсаулық сақтау саласында абыройлы еңбек етті. Бесінші перзенті – Ұлтуар. Ол ұзақ жыл ішкі істер органында істеп, полиция майоры шенінде отставкаға шықты. Бақыт, Дәмелі, Дәмежан, Қаракөз жеке кәсіппен айналысып, өмірден өз орнын тапты. Ата-анамыз жұбайларымыз, күйеу балалары Құнантай, Амантай, Мереке, Жәкен, Ахметжан, Жарас, Елубай, Гайдарды да мейірім құшағына бөлеп, сыйлап өтті.

**Күлжиян БӘЙКЕНҚЫЗЫ,
Ұлтуар (Ұлберген)
БӘЙКЕНҚЫЗЫ**

ӘКЕМ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНАМЫН

Иә, мен әкемді көргенім жоқ, дауысын естігенім жоқ, отбасындағы менен ересек балалар, бәлкім, әкеміздің мойнына асылып, еркелеп, ойнаған болар. Бірақ мұндай бақ маған бұйырмапты. Өмірге келмей жатып әкесіз қалу, жетім атану қандай ауыр!

Ең үлкен ауырлық анамыздың мойнына түсті, ол әлі бұғанасы қатпаған алты баламен жалғыз қалды. Алты баланы асырап жеткізу, тәрбиелеу, оқыту айтуға ғана оңай. Ата-анамыздың тағдыры осылай болды, бірі жалын-даған жастық шағында қан майданда оқ пен оттың ортасына түссе, бірі бір топ баламен жесір қалды. Бірақ жарының ісін жалғастырды, отын өшірмеді, ұл-қыздарын тәрбиелеп, оқытып, ізгіліктің үлгісі бола білді.

Әкеміздің өмірбаянын, әскери жолын, марапаттау құжаттарын оқыған сайын ел басына күн туған ауыр жырлар, майдан даласы көз алдыма келеді.

Иә, біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ оның зардабы мен қасіретін кинолардан көріп, тарихтан оқып өстік.

Әкем аға сержант Бек Байшин Қызыл Армия қатарына 1936 жылдың 1 қыркүйегінде шақырылған екен. Бұл соғыс қауіпі төніп, алмағайып дүниенің өне-міне аласапыран күйге түсер қауіпті кезеңі болатын. 1941 жылдың 22 маусымында Батыста соғыс өрті бұрқ еткенде, майданға алынғандардың алғашқы легінде Бек Байшин де болған еді. Орталық майданның атқыштар дивизиясының 86-атқыштар полкінің құрамында ең бір жауапты, әр сәт сайын қатер мен қауіп төнген, батылдық пен өжеттік, ақыл мен айла сынға түскен майдан даласында жауға қарсы шықты.

1941 жылғы әйгілі Смоленск шайқасы шабуыл кешероны операцияларының тұтас мекеніне айналғаны тарихтан белгілі. Осы қиян-кескі

шайқаста Бек Байшин қаруластарымен бірге үлкен ерлік көрсетіп, нәтижесінде кеңес әскері қаланы жаудан босатты. Екі айдың ішінде жау орасан зор шығынға ұшырай отырып, кейін шегінді. Бұл майданда кеңес армиясы жарты миллионға жуық әскерінен айырылып (қаза тапқан), 300 мыңға жуық жауынгер жараланды. Жараланғандардың қатарында Бек Байшин де болды. Ол Мәскеу мен Курск түбіндегі шайқастарда жараланды. Алайда ержүрек жауынгер жанға батқан жарақатына қарамастан майдан жолын жалғастыра берді, Варшава түбіндегі ауыр шайқаста тағы ауыр жарақат алып, соның салдарынан контузияға ұшырады. Жараланған сайын аз уақыт емделіп, қайтадан қаруластарының ортасына оралып отырды.

«Әке, соғыстағы бастан кешкен оқиғаларыңыз туралы айтыңызшы» деген естияр балаларына: «Соғыс – бұл сәт сайын төбеңнен төнген бомба, снаряд, зуылдаған оқ, дәл қасында – ажал. Ондаған, жүздеген жап-жас жігіт оққа ұшып, ажал құшып, майдан даласында қалып жатты. Ондайды еске алу, әңгімелеу мүмкін емес. Енді ондай алапат майданды сендерге, балаларыма көрсетпесін» дейді екен әкеміз ауыр күрсініп.

Майдангер Бек Байшиннің майдан жолы ауыр контузия жарақатының салдарынан 1944 жылдың 15 тамызында аяқталды. Жан мен төнге батқан ауыр жарақаттан денсаулықтан, қаншама қандықөйлек достарынан мәңгіге айырылды. Бұл күн өмір мен өлім бетпе-бет келген сәттермен есте қалды.



...Бұл тарихи естелік тек менің әкем туралы ғана емес, бұл Ұлы Отан соғысындағы әр жауынгердің Отан үшін, ел үшін жан алысып, жан беріскен ерлікке толы, бірақ әр отбасына қайғы-қасірет әкелген ауыр жылдар еді.

Соғыстан оралғаннан кейін майдангер Бек Байшин жұмыстан қол үзген жоқ, Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы «Майқайың-Алтын» трестінде сатушы болып еңбек етті. 50-жылдары Қарағанды облысына қоныс аударып, сол жақта анамызды кездестірген екен. Әкеміздің достары да майдангерлер еді. Соғыстың соңғы оғының үні өшкеніне де, міне, көп жыл өтті, тарихқа айналды. Алайда әкеміздің Отанына берілгені, адалдығы, ерлігі өшпек емес, өшпейді де. Мен әкеміздің көрмей кеткен баласымын, ал отбасымыздағы менен үлкен ағаларым мен әпкелерім үшін ол Отан үшін қан төккен майдангер батыр ретінде есте қалды.

Ел ішінде «Бек деген... ол нағыз азамат қой, адамгершілігі жоғары» дейтін. Шынығында, әкеміз парасатты, отбасы – балаларына деген сүйіспеншілігі зор, жаны жомарт, кішіпейіл, ортасына сыйлы бола білген азамат екен. Әзілге бейім, кез келген

жамандықтың өзінен жақсылық таба білетін, қиын сәттерге, тығырыққа тірелген шақтарына күліп қарайтын, қайғы-мұңға беріле қоймайтын, ашық-жарқын мінезді еді. Ұлтжанды, салт-дәстүрді жақсы білетін, музыка, өнерге жақын ол домбыра тартып, ән айтып, отырған жерін думанға бөлейді екен.

Ол біздің жүрегімізде ашық-жарқын келбетімен, домбырашы-әншілігімен, адамгершілікке толы жайдары қалпында сақталып қалды. Тек Отанын қорғаған, ерлік жасаған азамат қана емес, адамдарға жүрек жылуын, өмір қуанышын сыйлай білетін мейірімді әке ретінде жүрегімізде сақталып қалды. Әкеміз балаларына адам боп қалудың не екенін, адалдықтың ақ жібін аттамау керекін ұрпақтарының бойына сіңіре білді.

Әкеміз қайтыс болғаннан кейін анамызға қолғабыс жасау үшін ағаларым ерте жұмысқа араласты. Бауыржан Момышұлының есімін ырымдап қойған ең үлкен ағам Бауыржан Байшин 50 жыл бойы КамАЗ-да еңбек етіп, ерен еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді. Екінші ағам Жақсылық – геолог-барлаушы, жұбайы Барқыт – мектепке дейінгі мекемеде абыроймен қызмет еткен, көптеген марапаттауға

не болған абзал жан. Отбасымыздағы ер балалардың кішісі Жұмаштың есімі Кеңес Одағының Батыры, пулеметші Жұмаш Асанәлиевтің құрметіне қойылған. Ол көп жыл мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып еңбек етті.

Апаларым – Жамал мен Жамиланың есімдері де Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қарағандылық танкист қыздардың құрметіне қойылған. Осы туысқандарымның бәрі де берекелі отбасы болып отыр. Өкінішке қарай, Гуля есімді апам өмірден ертерек озып кетті. Алайда балалары ержетіп, әртүрлі салада жемісті еңбек етуде. Мен, Сарқыт Байшина, құрылыс фирмасында есепшімін, жұбайым Амангелді – инженер, балаларымыздың алды – кәсіпкер, кенже қызымыз Шынар мектепте оқиды.

Міне, әкеміз Бек Байшиннің өмірі ұрпағы арқылы осылай жалғасын табуа. Әкеміздің атын өшірмейміз, оның берген өнегелі тәрбиесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткіземіз деп ойлаймын. Бұл – біздің әке алдындағы перзенттік парызымыз, борышымыз. Әке аманаты – мәңгілік жадымызда.

**Сарқыт БАЙШИНА,
Астана қаласының тұрғыны**

ПАТРИОТТАР МЕКТЕБІ

Жастарға Отан алдындағы парыздың парқын жете түсіндіріп, елжандылыққа тәрбиелеуде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы айрықша аталады. Бүгінде еліміздің әр аймағында елі мен жеріне адал қызмет етер 300 мыңға тарта патриот ұлан өсіп келеді. Ал Астанадағы қозғалыс 10 мыңға жуық жігерлі жасты біріктірді.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Өтпелі шақта көп оқушы не істерін, қайда барарын білмей жүргенде, «Жас сарбаз» ұйымы оларға дұрыс бағыт-бағдар берер жол нұсқаушыға айналған. 2018 жылы құрылған әскери-патриоттық қозғалыстың тиімділігі айқын, нәтижесі жоқ емес. Негізгі идея – мектеп қабырғасында жүріп-ақ жасөспірімдердің бойында отаншылдық сезімді қалыптастырып, патриоттық рухта тәрбие беру.

Бас қаланың мектептері мен колледждерінде «Жас сарбаз» сыныптары мен клубтары құрылып, қарқынды түрде жұмыс істейді. Қала бойынша тәрбиеленушілерге арнайы куәлік табысталады. Оның артықшылығы да бар. Куәлік мек-

теп бітірген соң әскери оқу орнына түсуге жеңілдік береді. Әскери оқу орнына түсемін деген баланың оқу орнына хат жіберіліп, оның «Жас сарбаз» болғаны расталады. Қатарға қосылу үшін негізгі талап – білімді болу. Сондай-ақ оқушылар физикалық дайындықтан сүрінбей өтіп, психологиялық тұрғыдан да шыңдалған болуы шарт. Яғни қозғалысқа іріктеу арқылы үздіктер қабылданады.

«Жас сарбаз» қозғалысының бағдарламасы алуан түрлі. Әскери-патриоттық қозғалыста жастар үшін басымдықтың бірі заманауи технологияларға негізделіп, робототехниканың қыр-сырын үйрететін «Smart sarbaz» сыныбына беріледі. Үйірме болашақ әскери инженерлерді, IT-мамандарды, робототехниктерді өсіреді. Мұнда жастар, патриоттық іс-ша-

ралардан бөлек, жаңа инновацияларды игеріп, өздерінің техникалық идеяларын іске асырады. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда интеллектуалды сайыстар өтіп тұрады.

«Әскери-патриоттық қозғалыстың тәрбиеленушілері жылда мектеп бағдарламасымен қатар «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әдістемелік оқу кітапшасымен білім алады. Қазірде бұл оқулықты одан әрі жетілдіріп, әр өңір жастарына қолжетімді болу үшін жұмыс атқарудамыз. Қозғалыстың белсенділігін арттыру мақсатында әлеуметтік желілердегі парақшаларды жан-жақты дамытып, осы арқылы көрші мемлекеттер қызығушылық таныту үстінде.

Республиканың әр аймағында ерлік сабақтары мен әскери-патриоттық дала



Бас қаланың мектептері мен колледждерінде «Жас сарбаз» сыныптары мен клубтары құрылып, қарқынды түрде жұмыс істейді. Қала бойынша тәрбиеленушілерге арнайы куәлік табысталады. Оның артықшылығы да бар. Куәлік мектеп бітірген соң әскери оқу орнына түсуге жеңілдік береді. Әскери оқу орнына түсемін деген баланың оқу орнына хат жіберіліп, оның «Жас сарбаз» болғаны расталады

жындары өтсе, елордада бұл іс-шаралар жақында десанттық шабуыл бригадасында ұйымдастырылады, кейін үздік жасөспірімдер республикалық «Айбын» жиынына жолдама алады. Биыл «Айбын» жыл сайынғы республикалық әскери-патриоттық жастар жиыны Алматы қаласында өтеді. Аталмыш жиында 8 мемлекеттің жастары бақ сынайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та қатысып, «Жас сарбаз» қозғалысына қолдау білдірмек. Осылайша өскелең жас ұрпаққа саналы тәрбие беріп, елдің патриоты болу жолында

жұмыстар қарқынды түрде жүзеге асады. Әскер туралы қазірде әлеуметтік желіде таралған кейбір ақпарат жастардың санасына кері әсер ететіні рас. Десе де кейінгі жас буынның әскерге деген көзқарасы басқа. «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері бұл салаға өз қалауымен барып жүр. Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Ешкім іштен батыр болып тумайды, батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады». «Жас сарбаз» қатарында тәрбиеленіп жатқан оқушылардан әлі талай жігерлі жас шығатынына сенім мол» деді өз сөзін-

де «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының төрағасы Асхат Налшыбек.

Әскери-патриоттық қозғалыс қатарындағы қыз балалар саны ұлдардан еш кем емес. Солардың бірі – елордадағы №8 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы және «Жас сарбаздың» тәрбиеленушісі Аялым Өмірзақова. Оның айтуынша, бұл ұйым – жастардың бос уақытын тиімді үйлестіретін әскери өмірге дайындайтын үлкен мектеп.

«Жас сарбаз» қозғалысы әрбір жасөспірімнің патриоттық сезімін арттыруға, балалардың дарынын шыңдауға бағытталды. Бұл ұйымға 9-сыныпта қабылдандым. Осы уақытта біз алғашқы әскери дайындық пәнін меңгеріп, саптық дайындық, автоматты уақытқа шашып-жинауды үйрендік. Әскери іс-шаралардан қапы қалмай, «Жас сарбаз» деген атымызға лайық болуды мақсат етеміз. Жан-жақты, әр салаға икемді болуда және жаңа орта табуда осы ұйымның қосқан үлесі көп» дейді тәрбиеленуші.



САРБАЗДАРДЫ СҮЗГІДЕН ӨТКІЗЕДІ

Отан алдындағы борышын өтеуге әскер қатарына алыну үшін де мықты денсаулық керек. Көзі дұрыс көрмесе, құлағы жөнді естімесе, майтабан аяқ болса да жарамсыз деп танылып, сап түзеп, сарбаз болу мүмкіндігінен айырылады. Сондай өрімдей жастарды жыл сайын әскерге шақыру кезінде медицина тексеруінен өткізетін маманның бірі – №3 емхананың лор дәрігері Оразалы Рахимов.

**Райхан
РАХМЕТОВА**

Аталған емханаға қарасты Есіл аудандық әскерге шақыру медицина комиссиясының төрағасы Оразалы Рахимовтың сөзіне сүйенсек, спорттың арқасында сақтаған мықты денсаулығын күшімен, білігі мен мол тәжірибесі бағаланып, әлі де қызметін жалғастыруда. 40 жылға жуық тәжірибесі бар дәрігер 1996 жылдан бері осы әскерге шақыру комиссиясында еңбек етеді.

– Қазір әскерге шақырылатын жастардың арасында көз аурулары көп кездеседі. Әрине, бұл неден екені бәрімізге белгілі. Бала кезден шұқшиып ұялы телефон қарап, көзін қалдырған. Миопия бар көбінде, яғни алыстан көруі нашар. Хирургия жағынан майтабандар көп кездеседі, омыртқаның қисаюуы, қан тамырлары аурулары, семіріп кету, эндокринология аурулары да баршылық. Дұрыс тамақтанбай, көшеден

кола ішіп, фастфуд жей бергеннен де осындай аурулар пайда болады. Соның бәрін тексеріп, сау балаларды әскерге аттандырамыз. Әскери комиссариаттың тексеру үшін керекті жабдықтары түгел. Олармен қоян-қолтық жұмыс істейміз. Шақырушыларды қабылдау уақыты жұмыс күндері таңертеңгі сағат 9:00-ден түскі 13:00-ге дейін созылады. Күніне 25-30 адам қараймыз. Комиссия құрамы 14 адамнан тұрады. Шақырушылар қан мен несеп талдауы, флюорограмма, ЭКГ, іш құрылыс ағзалары бойынша УЗИ-ден өтеді. Антропометрия кабинетінен бастап 9 дәрігердің тексеруінен өтіп, соңында маған келеді. Мен барлық құжатын, әр дәрігердің сараптамасын тексергеннен кейін қорытындысын, яғни жарамды немесе жарамсыз екенін жазып, қол қоямын, – дейді дәрігер.

Дәрігердің айтуынша, әскерге шақырылатын болашақ сарбаздардың бойы 155 см-ден төмен болмауы керек, ал салмағы бойынмен сәйкес



Қазір әскерге шақырылатын жастардың арасында көз аурулары көп кездеседі. Әрине, бұл неден екені бәрімізге белгілі. Бала кезден шұқшиып ұялы телефон қарап, көзін қалдырған. Миопия бар көбінде, яғни алыстан көруі нашар. Хирургия жағынан майтабандар көп кездеседі, омыртқаның қисаюуы, қан тамырлары аурулары, семіріп кету, эндокринология аурулары да баршылық. Дұрыс тамақтанбай, көшеден кола ішіп, фастфуд жей бергеннен де осындай аурулар пайда болады

келуі қажет, яғни дене салмағының индексі арқылы анықталады, бұл индекс 18,5-ке тең. Әскери комиссия тексеруінен медицина университетін бітіріп, әскери билет алайын деп жүрген жастар да өтеді. Лор дәрігер бұрынғыдай емес, соңғы 10 жылда гайморит, отит, құлақ пердесінің тесілуі сияқты аурулар азайғанын айтады. Бұған медицинаның дамып, инновациялық аппараттардың, түрлі сапалы дәрі-дәрмектің шығуы себеп болған. Қазір мұндай аурулар ерте емделіп, созылмалы түріне ауыспайды.

Қорғалжын өңірінде туып, бала кезінен спортты серік еткен дәрігер соның арқасында алпыстың алтауынан асса да, өзін сергек сезінеді. Күнде табиғат аясында жүгіріп, елордадағы «Батыр Астана» командасының құрамында шынығады. Жақында ол осы команда атынан Қарағандыда штанга көтеруден өткен жарысқа қатысып, өз жас шамасы бойынша чемпион атанды. Екі ұл, екі қыздың әкесі, алты немересінің атасы балаларын да спортқа баулыған, жұбайы да дәрігер. Медицинаны таңдаған әулет «спорт пен салауатты өмір салтын серік еткендердің жеңісі көп болады» дейді.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Президенттік орталығында Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күніне, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне және Рақымжан Қошқарбаев пен Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналған «Атыс қаруы: тапанша тарихы» көрмесі ашылды.



Сұлтан СЕЙІТ

ТАРИХҚА АЙНАЛҒАН ТАПАНШАЛАР

Айгүл УАИС

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Президенттік орталығының директоры Бақытжан Темірболат өзінің сөзінде атап өткендей, көрменің мақсаты – патриоттық тәрбие беру және еліміздің тарихына деген қызығушылықты ынталандыру. Ол үшін Президенттік орталықтың музей қорынан келушілердің назарына алғаш рет әскери тарих пен әскери өнердің ажырамас бөлігі болған тарихи және заманауи қарулардың бірегей үлгілері қойылды. 80 экспонаттың 30-дан астамы атыс қаруын құрайды. «Патриоттық сезімнің, патриоттық тәрбиенің бағыты көп. Оның бірі – елдің, ха-

лықтың тарихын білу, мемлекеттің дамуына зор үлес қосқан ата-бабалар ерлігін білу және қастерлеу. Ойлап көріңізші, бұл көрменің кейіпкері Сағадат Нұрмағамбетов 20 жасында-ақ Кеңес Одағының Батыры атанған. Міне, мұндай көрнекті тұлғаларымызды жас сарбаздарымыз мақтан тұтып, олардан үлгі алу керек. Сонда ғана біздің Қарулы Күштеріміздің болашағы зор болады» деді мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-лейтенант Абай Тасболатов.

Көрмеде Ұлы Отан соғысы жылдарында елімізді қорғаған батырлардың ерлігін баяндайтын материалдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қалыптасуы мен дамуы туралы материалдар ұсынылған. Көрменің негізін Президенттік орталықтың жинақтарындағы атыс қаруларының жинағы құрайды.

Көрменің алғашқы бөлімі Ұлы Отан соғысының батырларына арналған. Онда соғыс жылдарындағы қазақстандық жауынгерлердің ерлігі туралы материалдар көрсетілген.

Қазақстандықтар майдан даласында ерлікпен шайқасты, олардың 500-ден астамы Кеңес Одағының Батыры атанды, ал төртеуі – Т.Бигелдинов, С.Луганский, Л.Беда және И.Павлов екі мәрте Батыр атанды.

Қазақ қыздары Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Х.Доспанованың ерлігі – Отанға деген адалдық пен батылдықтың жарқын үлгісі. Гвардияшы-панфиловшы Сағнай Адамұлының жеке архивінен алынған материалдар да көрмеге ұсынылды.

Көрермендердің көңілін аударатыны – тапаншалар топтамасы. Бұл бөлімде Президенттік орталықтың қорынан алынған атыс қаруы топтамасының үлгісі негізінде тапаншаның даму эволюциясы – револьверлерден қазіргі заманғы атыс қаруларына дейін көрсетіледі.

Экспозиция Лефаше, Кольт, Браунинг, Федерле, Стечкин және басқалар сияқты көрнекті қару-жарақ құрастырушылардың туындыларымен танысуға мүмкіндік береді. Еуропа, АҚШ, Ресей және Түркиядағы жаһандық қару өндірушілердің тапаншалары мен револьверлері көрсетіледі. Экспонаттар арасында антикварлық үлгілер бар – Бундель револьвері, Лефаше револьвері және дуэльдік тапаншалар. Тапаншалар тарихына үңілсек, ол тек суық қару емес, өнер туындысы ретінде де шеберлерге шабыт берген екен. Соның бірі – калибрі 9 мм болатын швейцариялық компания жасаған Мюллер Мургенталь қаруы. Ол болаттан құйылып, күміспен күптеліп, алтынмен

апталып, гауһар тастармен безендірілген. Тапаншаның өн бойы алтын түсті гүлді өрнектермен безендірілген. Тұтқасындағы әріптерді алтын түспен көркемдесе, келесі бетінде жалы күдірейген алтын басты арыстанды алтыннан сомдаған. Екі көзін шекіген қымбат тас әлі де мөлдiреп тұр. Мюллер Мургенталь текті асылзадалар мен мемлекет басшыларына арналған эксклюзивті және сәнді қару-жарақты тапсырыспен жасайды. Компанияның негізін қалаушы – Швейцарияның құраушы – Мюллер Мургенталь қаласынан келген суретші, күміс және қару-жарақ шебері Вивиан Мюллер. Осы компанияның төрт тапаншасы көрмеге қойылды.

Тарихта оқ-қарудың пайда болған дәуірін ұлы шайқастармен, жаңа жерлерді жаулап алумен байланыстырады. Алғаш рет IX ғасырда Қытайда ойлап табылған қару «Қаһарлы оттың найзасы» деп аталған. Еуропада алғашқы тапаншалар XV ғасырда пайда болды. Тағы бір назар аударатын нәрсе – Түркияда жасалған қарулар топтамасы. Түркияның қарулы кәсіпорындары алғашқы кездері еуропалық қарулардың үлгісін алса, қазіргі күнде өздерінің жеке қаруын шығаруда. Көрмеге 7,65 мм калибрлі Kırıkkale Gun, 9 мм Чаник, Кануни тапаншалары қойылған. Кануни-16 тапаншасын Түркияның TISAS Trabzon Arms Industry Corp қару-жарақ компаниясы 1998 жылы шығарған. Бұл сериямен жасалған қарулар елдің әскери құрамаларында, күзет және қауіпсіздік құрылымдарында қолданылады.

«Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері» бөлімі еліміздің Қарулы Күштерінің қалыптасу тарихымен таныстырады. 1992



жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлықтарға қол қойылды. Қазақстан армиясы 30 жылдан астам уақыт ішінде өзінің даму тарихын іс жүзінде

«таза парақтан» бастап, күрделі жолдан өтті. Президенттік орталықтың жинағынан алынған материалдар әскери қауіпсіздік саласындағы тарихи мұраны, сондай-ақ қазіргі Қарулы Күштерді құру призмасы арқылы қазақ мемлекетінің қалыптасуын көрсетеді. Көрме 30 мамырға дейін жалғасады.



ЖЕР РЕСУРСТАРЫ – ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ



Мемлекеттің ұлттық байлығы болған жер қорын тиімді пайдалану басқару жүйесінсіз мүмкін емес. Бұл жүйе жер қатынастарын қалыптастыру, жерді бөлу және тиімді пайдалануды, қолданыстағы жер пайдалану объектілерін қайта ұйымдастыру сияқты іс-шаралар жүзеге асқан кезде ерекше маңызға ие болады.

Жер ресурстары – бұл кез келген елдің ұлттық байлығы, халықтың әлеуметтік-экономикалық қолайлылығының негізі. Бұл ретте біздің мекеме жер құрылымын есепке алуды, жерге орналастыру мен мемлекеттік жер кадастрын жүзеге асырумен бірге жер мониторингін жүргізумен айналысады. Жер ресурстарын басқару қоғамдық қатынастардың барлық саласын қамтиды. Сондықтан да ол – жүйелі, мақсатқа бағытталған қоғам мен мемлекеттік жер қатынастарына байланысты іс-әрекет.

Біздің департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және ережеге сәйкес жүзеге асырады. Жер ресурстарын басқару комитетінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады, ал департаменттің бірінші міндеті – жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету.

Астана қаласы Жер ресурстарын басқару департаментінде өткен жылы 204 тексеру тіркеліп, соған сәйкес 2,1 мың гектар аумақта

бұзушылықтарды жою туралы 177 ұйғарым шықты. 15,7 млн теңге әкімшілік айыппұл салынды, оның 10,8 млн теңгесі өндірілді.

Жерді ұзақ уақыт пайдаланбау фактілері бойынша жүргізілген тексерулер бо-



Есепті кезеңде сотқа 11 талап-арыз, оның ішінде 9-ы бұйрықты мәжбүрлеп орындауға, 1-еуі жер учаскесінің бір бөлігін алып қоюға берілді. Олардың 7-уі қанағаттандырылды және бұйрықтың орындалуына байланысты 2 талап-арыз қанағаттандырусыз қалдырылды, ал 2 талап-арыз бойынша іс қаралуда

йынша 222 га аумақта 30 заң бұзушылық (оның ішінде: 123,3 га аумақта 23-і – коммерциялық нысан, 7-уі бойынша ауданы 98,7 га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер) анықталды, меншік иелеріне Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 92-бабына сәйкес анықталған бұзушылықтарды бір жыл мерзімге жою туралы ұйғарым шығарылды. Бұйрық талаптары орындалмаған жағдайда жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы мәселені шешу үшін материалдар сотқа беріледі.

Сондай-ақ есепті кезеңде 3 профилактикалық тексеру жүргізілді. «Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ-ге, «Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ-ге қатысты жүргізілген тексеріс нәтижелері бойынша «Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ-ге қатысты заңнамалық актілерді орындау бөлігінде бұзушылықтар анықталды.

Есепті кезеңде сотқа 11 талап-арыз, оның ішінде 9-ы бұйрықты мәжбүрлеп орындауға, 1-еуі жер учаскесінің бір бөлігін алып қоюға берілді. Олардың 7-уі қанағаттандырылды және бұйрықтың орындалуына байланысты 2 талап-арыз қанағаттандырусыз қалдырылды, ал 2 талап-арыз бойынша іс қаралуда.

Астана қаласының Жер ресурстарын басқару департаментінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін қолдану практикасын талқылау бойынша дөңгелек үстел өтіп, оның жұмысына Астана қаласының МАЭС төрағасы Р.Мәжитов, судьялар Ж.Дүйсенова, А.Амангелдин, Д.Төрехұлов, Астана қаласы прокуратурасы басқарма бастығының орынбасары М.Бейсембин және біздің департамент қызметкерлері қатысты. Кездесу барысында судьялар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қағидаттарын қолдануға егжей-тегжейлі тоқталып, сенім құқығын қорғау қағидатын қолдану және әкімшілік рәсімді жүргізу тәртібін түсіндірді.

Бұдан басқа, Астана қаласының Жер ресурстарын басқару департаментінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің превенция қызметінің аса маңызды істер жөніндегі офицері Гүлназ Сагандықова сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері және оларды жою туралы, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі әдеби, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимылдың үлгілік базалық бағытын талқылау бойынша дөңгелек үстел жиналысын өткізді. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негізі, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жаңғырту мәселелері көтерілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті, шектеулерді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды, сондай-ақ мүдделер қақтығысын реттеуді қамтитын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша мәселе егжей-тегжейлі ашылды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және тұрақты бақылауда.

Айдын МОЛДАҒАЛИЕВ,
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті Астана қаласының Жер ресурстарын басқару департаментінің басшысы

«Таза Қазақстан» экология акциясы аясында Астана қаласының Полиция департаменті қоршаған ортаны абаттандыру ережелерін бұзудың, жалпы пайдалану орындары ластануының алдын алу бойынша іс-шараларды бейнекамера арқылы бақылауда.

ТАЗАЛЫҚ САҚТАМАЙТЫНДАРДЫ КАМЕРА АНЫҚТАЙДЫ

– Рұқсат етілмеген жерлерде қоқыс үйілмеу үшін патрульдеуді жүзеге асыратын мобильді топтар құрылды. Полицейлер белгіленбеген жерлерде қоқыс тастағандарды анықтау бойынша жұмыс жүргізуде. Қала аумағын абаттандыру қағидаларын бұзғаны үшін қоқыс үйіндісін құру бөлігінде ескерту немесе жеке тұлғаларға – 20 АЕК-тен, кәсіпкерлік субъектілеріне 30 АЕК-тен айыппұл түрінде әкімшілік жауапкер-

шілік көзделді. Жыл басынан бері жүк автокөлігінің 103 жүргізушісі әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – деді Астана қаласының Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Эльдар Данияров.

Полиция департаменті қоқысты заңсыз шығару және абаттандыру қағидасын бұзған 11 мыңнан астам фактіні анықтап, құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тартты.



Дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

7 КӨШЕДЕ АВТОБУС ЖОЛАҒЫ ПАЙДА БОЛАДЫ

Астанада 7 көшеде жалпы ұзындығы 58,6 шақырым Bus Lane жолағын енгізу жоспарланып отыр.



City Transportation Systems компаниясының хабарлауынша, алдағы уақытта арнайы жолақтар Мәңгілік ел, Тұран, Ұлы дала, Р.Қошқарбаев, Тәуелсіздік даңғылдары мен Керей-Жәнібек хандар, Ш.Айтматов көшелеріне салынады. Бөлінген жолақтарды енгізу мерзімі мамыр айының соңынан бастап хабарланады.

Бастама қоғамдық көліктің жүру уақытын 6 минутқа қысқартады. Мәселен, 18 минуттан 12 минутқа дейін. Сондай-ақ автобустардың

қозғалыс жылдамдығын 16 км/сағ-тан 19 км/сағ-қа етеді.

Қазіргі кезде қалада автобустар үшін 27 жолақ бар, олардың жалпы ұзындығы – 100,5 шақырым.

Bus Lane жобасы алғаш рет Астана қаласында 2015 жылы 26 шілдеде екі учаскеде қанатқақты режимде Б.Момышұлы, Абылай хан, Сарайшық көшесіне дейін және Бөгенбай батыр даңғылында Ш.Уәлиханов көшесінен Сарыарқа даңғылына дейінгі аралықта енгізілді.

ҚОҚЫСТЫ ӨРТЕГЕНДЕ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Елімізде қауіпті өрт кезеңі басталды. Жыл сайын көктемде республикамыздың табиғи ресурстары үлкен қауіп-қатерге душар болады. Сондықтан орманды дала өрті қауіпі барын естен шығармауымыз керек.



Мұндай өрттің туындауына көбінесе адамның өзі кінәлі: құрғақ шөптерді, егістіктердегі сабандарды рұқсатсыз жағу, бау-бақша учаскелерін тазалау және соның салдарынан қоқыс пен шөпті өртеу орын алады. Сондай-ақ халық демалыс кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамай, жаппай табиғат аясына шыға бастайды. Осы кезеңдегі өрттің көпшілігі азаматтардың отқа абайсыз қарауынан және балалардың салғырттығынан болады. Балаларға дұрыс бақылаудың болмауы және үлкендердің немқұрайдылығы – бұл үлкен қиындықтарға әкелетін фактор. Құрғақ шөп арқылы тез тараған өрт әртүрлі ғимараттарға, көліктерге, саяжайлар мен бақшаларға таралып, орасан зор материалдық шығын келтіріп, адамдардың өміріне қауіп төндірді. Сонымен қатар өрт еліміздің ұлттық байлығы – бірегей ормандарға орасан зор қауіп төндірді.

Оларды сақтау, сондай-ақ адамдардың өміріне қауіп төндірмеу үшін бірқатар қарапайым ережені қатаң сақтау қажет. Ол

үшін тұрғын үйлер мен көгалдандыру алаңдарына іргелес аумақты құрғақ шөп пен қоқыстан алдын ала тазарту; тұрғын үйлер аумағына, сондай-ақ орман маңына қоқыс тастамауын қадағалау керек. Сондай-ақ тұрғын үйлердің жанында, саяжайларда және ормандарда қоқыс жағуға болмайды.

Өрт қауіпті кезеңде орманға баруды шектеңіз, от жақпаңыз және ашық от қолданбаңыз, тұтанған темекі тұқылын тастамаңыз.

Егер өрт орын алса, оны бастапқы кезеңде сумен немесе дымқыл дастарқанмен, көрпемен немесе кез келген басқа тығыз синтетикалық емес материалмен жабу арқылы сөндіруге болады. Мүмкіндігінше өрт сөндіргішті қолданыңыз. Бірақ жалын тарап кеткенде, тезірек «101» нөміріне қоңырау шалып, қауіпті аймақтан қысқа және қауіпсіз жолмен кету керек.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының инженері

АҚАН СЕРІ: АҢЫЗДАН АҚИҚАТ ҚЫМБАТ

Қазақ әнінің бір биігі – Ақан сері Қорамсаұлы туралы аңыз-әңгіме көп. Халық композиторының өмірі мен өнері көркем және музыкалық шығармаларға арқау болып, театр мен киноға көшірілді. Атап айтқанда, жыр жүйрігі Илияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғабит Мүсірепов «Ақан сері-Ақтоқты» драмасын, Тәкен Әлімқұлов «Көк қаршыға» әңгімесін, Сәкен Жүнісов «Ақан сері» романын, Роза Мұқанова «Үркек керім» әңгімесін жазды. Сыдық Мұхамеджановтың «Ақан сері-Ақтоқты» операсы (либретто авторы – Ғабит Мүсірепов) қойылды. Кинорежиссер Болат Мансұров «Құлагер» көркем фильмін (сценарий авторлары – Болат Мансұров пен Асқар Сүлейменов) түсірді.



**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Жас режиссер Фархад Молдағалидың Илияс Жансүгіровтің поэмасы желісімен қойылған «Құлагер» спектаклі мен Бекболат Құрманғожаев сахналаған Жұма-Назар Сомжүректің «Серінің сергелдеңі» лирикалық драмасы – кейінгі жылдардың жемісі. Бұл қатарға күні кеше ғана Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрында премьерасы өткен «Ақан сері туралы аңыз» толғамы қосылды.

16 жас және одан жоғары көрермендерге арналған аталмыш қойылым бірнеше автор туындыларының қоспасынан дүниеге келді. Біреу білер, біреу білмес, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов те Ақан тұлғасына қызығушылық танытқан. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеу еңбегінде Ақан серінің ақындық өнерін жоғары бағалаған жазушының қаламынан

«Ақан-Зайра» атты пьеса да туды. Кейбір деректерде бұл туындыны Мұхтар Әуезов Сәбит Мұқановпен бірігіп жазғаны айтылады. Осы аттас опера да жазыла бастаған екен. Алайда әлдебір себеппен музыкасы аяқталмай қалған.

«Ақан сері туралы аңыз» қойылымына Мұхтар Әуезовтің аталған шығармасы, Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романы желілері, ел аузындағы аңыз-әңгімелер пайдаланылды. Толғамның инсценировкасын мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Мирас Әбіл жасады. Қоюшы режиссері – Қырғыз Республикасының Ш.Айтматов атындағы жастар сыйлығының иегері Ұланмырза Қарыпбаев.

Туындыны тамашалау барысында спектакльді қоюшы шығармашылық топ қиялға мейлінше ерік бергені байқалды. Бірақ артық қыламын деп тыртық қылып алған тұсы көп. Тіпті Ақан серінің кейбір әндерінің сөздерін өзгертіп,

танымастай жағдайға жеткізген. Мәселен, кезінде «Балқадидиша» әніндегі «Күйеуің сексен бесте, шал Қадидиша» деген сөздер біраз сыналды. Сол кезде «Түлпұсқада мұндай сөздер жоқ, бұл – кеңес идеологиясы ықпалымен қосылған тармақ» деген уәж айтылды. Жаңа спектакльде «Балқадидишаның» сөздері бұдан да сорақы, «Тастанның тау қопарар болса-дағы, белінде қауқары жоқ, шал Қадидиша» болып берілген. Жалпы қойылымда осы Балқадидиша бейнесіне қатысты ақиқаттан алшақтық көп орын алған.

Белгілі өнертанушы Илья Жақановтың еңбектерінде Ақан сері Балқадидишамен алпыс жасқа таянған шағында кездескені, Балқадидиша сүйгені Сүлейменге қосылып, олардан ұрпақ өрбігені, Балқадидиша сексен жасқа жақындаған шағында өмірден өткені жазылады. Ал спектакльде мүлдем керісінше, Ақан жас, әлі бойдақ кезінде Балқадидишаны жолықтырады. Балқадидишаның Тастан есімді

жубайы бар екен. Тастан дегенде көрнекті жазушы-драматург Дулат Исабековтің сахнаға көшірілген «Гауһаргас» шығармасы еске түседі. Қос Тастан арасында ұқсастықты байқадық. Екеуінің де жарына мейірімі, жылуы жоқ еді. Сондықтан «Ақан сері туралы аңыз-дағы» Тастан бейнесі «Гауһаргастағы» Тастаннан көшірілген деп пайымдадық. Спектакльде Балқадидиша Ақанды ұмыта алмай, күйеуі Тастанның қолынан қаза табады. Соңғы сөзі де Ақан болады. Осындай көрініс қазір өзекті болып отырған отбасындағы зорлық-зомбылық тақырыбын көрсету үшін қосылғандай. Алайда Балқадидиша бейнесіне келгенде ақиқат басқа ғой, оны жоғарыда жаздық. Бұл жерде Балқадидиша қазіргі саясаттың «құрбаны» болып кеткен секілді. Сүлеймен мен Балқадидишадан қалған ұрпақ спектакльді көрсе, дау туатыны сөзсіз. Қойылымды қоюшыларға Балқадидиша бейнесін қайта қарап, ақиқатқа жақындау керек деп есептейміз.

Толғамда, Ақан мен Балқадидиша махаббатынан бөлек, Ақан мен Ақтоқты арасындағы сезім көрсетілген. Спектакльде Ақан серінің аңға шығатын көрінісі бар. Сол кезде бірнеше киікті атып тастайды. Ал Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романында Ақанның біршек қасқыр мен молақ қаншықты жайрататыны жайлы жазылған. Қазақта «киіктің киесі бар» деген түсінік қалыптасқан. Сондай-ақ «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар» дейді ұлтымыз. Ақан киік пен қасқырдың киесіне ұшырағанынан өміріндегі сәтсіздіктерге, қайғы, мұң-шерге тап болды дегенге келтіреді қойылымды қоюшылар.

Ақан әндерімен қатар, спектакльде Біржан салдың «Теміртас», Үкілі Ыбырайдың «Қызыл асық» әндері берілген. Мұны бір өңірден шыққан ән алыптары арасындағы сабақтастықты, жақындықты көрсету үшін жасалған қадам деп түсіндік. Жалпы қойылымда ән мен би көп. Арасында біршек қасқыр мен молақ қаншықтың биінен балет элементтерін де байқадық. Ұзақтығы 2,5 сағатқа созылатын қойылым кейіпкерлерін сомдайтын әртістер жайлы да айта кетейік. Бірінші құрамда Ақан сері бейнесін Илес Кепбосынов, Ақтоқтыны Нұрайым Тезекбаева, Балқадидишаны Еңлік Айымғазы, Қорамсаны Айбол Шөкіржанов, Ақанның анасы Жаңылды Ажар Шөкіржанова сомдайды. Қойылымға жалпы біраз актер тартылған. Бірақ бір қайнауы ішіндегі спектакльді әлі де ширату керек. Тарихи жаңсақтықты жөндеген жөн. Себебі аңыздан ақиқат қымбат.



ТӨРТ ТОМНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада ақын, сатирик, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Өріс Яшүкірқызының 75 жылдығына арналған шығармашылық кеші және 4 томдық шығармалар жинағының таныстырылымы өтті.

**Айгүл
УАИС**

Автордың «Боямасыз өмір» әңгімелер жинағы, «Сексеуілдің шоғы» өлеңдер жинағы, «Шенеунікше тактика» әзіл-сықақ, сатиралық әңгімелер жинағы, «Қараша қаздың қаңқылы» өлеңдер жинағы кезінде оқырман тарапынан лайықты бағасын алды.

Мерейтойлық шарада өлең, проза, сатира, детектив сияқты төрт жанрда бірдей қалам тартқан қаламгердің руханиятқа қосқан үлесі жайында айтылды. Жазушы Шәрбану Бейсенова: «Мен 1998 жылы Астанаға дәм тартып көшіп келгенде, Орекең «Астана ақшамы» газетінде істеп жүрді. Орекеңнің әрбір мақаласын сүйсініп оқитын едім, менің есімде қалғаны, бағанаға шығып токқа түскен жігіт туралы жазған мақаласы бар-ды, сол қайғылы оқиға сондай бір мейірбан жүреппен жазылған-дықтан ерекше әсер еткен. Артынан сол жігіттің атына есеп ашып, көмек ұйымдастыру керек деп акция жасалды. Бұл кісінің жазғанда-



рында жанашырлық, әділдік жағы басым болатын» деп жылы пікір айтты. Сондай-ақ Әлібек Асқаров кезінде бір министрлікте жұмыс істеген кезінен естеліктерге тоқталып, Толымбек Әбдірайым, Жалтай Әлмашұлы, Камал Әлпейісова, тағы басқа қаламгерлер лебіз білдірді.

Жиынды жүргізген ақын Дәулеткерей Кәпұлы Қазақстан Жазушылар одағының басқарма басшысы Мереке Құлқеновтің Өріс Яшүкірқызына арнаған құттықтауын оқып, мерейтой иесіне «Қазақстанның құрметті жазушысы» атағы берілгенін хабарлап, Жазушылар одағының шапанын жапты.

ҚҰРМЕТТІ КЕЛУШІЛЕР!

Естеріңізге сала кетейік, біздің велосипед тұрағы барлық қонағымыздың Азия Парк СОО-да болу уақытында велосипедтерді уақытша қоюға арналған. Алайда СОО жабылғаннан кейін де кейбір велосипедтер тұрақта қалатынын байқадық. Осы орайда, велосипед иелерінен өз велосипедтерін СОО-ның жабылу уақытынан кешіктірмей (22:00-ге дейін) және бұрын қалдырылған барлық велосипедті 2024 жылдың 15 мамырына дейін алып кетулерін сұраймыз. Түсіністік танытқаныңыз үшін рақмет!

*Газетіміздің келесі саны
2024 жылдың 11 мамыр күні шығады.*

Триатлон саябағында жоғары сынып оқушылары мен студенттер арасында Жеңіс күніне арналған жеңіл атлетикадан эстафета жарысы өтті.

Оған спорттық дайындығы бар және медициналық тексеруден өткендер ғана қатысты. Салауатты өмір салтын насихаттауға арналған іс-шараның ашылуында Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Исламбек Байманов:

– Жеңіс күніне арналған жыл сайынғы жарыстың та-

ЖЕҢІС КҮНІ ЭСТАФЕТАСЫ



нымалдылығы артып, ауқымы кеңейіп келеді. Мерекелік жарыс жақсы дәстүрге айналғаны қуантады. Эстафетаның мақсаты – жастарды спортқа баулып, салауатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне құрмет көрсету, қаламызда жеңіл атлетиканың дамуына ықпал ету, – деді.

Биылғы эстафетата 300 жас өзінің күш-қайраты мен ерік-жігерін сынауға бел байлады. Жарыс ережесі бойынша әрбір құрамдан 10 адам 10 кезең бойынша жалпы ұзындығы 2250 метрді жүгіріп өтеді. Мектеп оқушыла-

ры, колледж тәлімгерлері мен университет студенттерінің есебі бөлек бағаланып, жүлдегерлер анықталып, медальдармен, командалық кубоктармен, дипломдармен, арнайы естелік сыйлықтармен марапатталады.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан ұйымдастырылып келе жатқан жүгіру эстафетасы Жеңіс даңғылында бастау алатын. Соңғы үш жылдан бері Триатлон саябағында өткізіп жүрміз. Қатысушылар саны көбейгендіктен, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету маңызды болды. Сондықтан саябақты таңдадық, – деді жарыстың бас төрешісі Дәулет Хамзин.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕ
ОТАН ШЫҚҚАН ЖҮРЕКТЕР
07/05 18:00
«СУММО-ХИТ» КОНЦЕРТІ
Қ. Қуанышбаев театры

АСТАНА ЖҰЛДЫЗДАРЫ
08/05 18:00
«АСТАНА ЖҰЛДЫЗДАРЫ» КОНЦЕРТІ
Филармония концерт залы

МАМЫР
ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ!

«АЛАМАН» ҚОЙЛЫМЫ
07/05 18:00
М. Горький атындағы театр

«ҚОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕНДЕР» КӨРМЕСІ
08/05-13/05 10:00-18:00
Тарихи-мәдени мұра ескерткіштері мен объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету орталығы

ПИСЬМО ОТ ПАПЫ
07, 09/05 12:00, 16:00
«Көкемнің хаты» ЕРТЕГІСІ
Қуыршақтар театры

«ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТШІСІ» СПЕКТРАКЛІ
09/05 18:00
Мамбетов театры

РОЗА БАҒЛАНОВА
09/05 18:00
«РОЗА БАҒЛАНОВА» МҮЗИКЛІ
Қ. Қуанышбаев театры

ИЛЬЯ ЖАҚАНОВ
11/05 18:00
«ӘНІМ САҒАН, ТУҒАН ЕМ!» КОНЦЕРТІ
Филармония концерт залы

www.astana-akshamy.kz Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA АҚПАРАТ

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №54-55

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редакторлар – Гулшат САПАРҚЫЗЫ, Райхан РАХМЕТОВА